

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и  
строительства  
СБОРНИК ЦЕН НА ПРОЕКТНЫЕ РАБОТЫ

## ҚҰРЫЛЫС ҮШІН ЖОБАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН БАҒАЛАР ЖИНАҒЫ

2 – бөлім Металлургия, тау-кен және көмір өнеркәсібі  
кәсіпорындары

## СБОРНИК ЦЕН НА ПРОЕКТНЫЕ РАБОТЫ ДЛЯ СТРОИТЕЛЬСТВА

Раздел 2 Предприятия металлургии, горно-рудной и  
угольной промышленности

ҚР ЖБЖ 8.03-01-2022  
СЦП РК 8.03-01-2022

Ресми басылым  
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі  
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства  
индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан

Астана 2022

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер  
**ЖОБАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН БАҒАЛАР ЖИНАҒЫ**

---

Государственные нормативы в области архитектуры, градостроительства и строительства  
**СБОРНИК ЦЕН НА ПРОЕКТНЫЕ РАБОТЫ**

## **ҚҰРЫЛЫС ҮШІН ЖОБАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫНА АРНАЛҒАН БАҒАЛАР ЖИНАҒЫ**

**2 – бөлім Металлургия, тау-кен және көмір өнеркәсібі  
кәсіпорындары**

---

## **СБОРНИК ЦЕН НА ПРОЕКТНЫЕ РАБОТЫ ДЛЯ СТРОИТЕЛЬСТВА**

**Раздел 2 Предприятия металлургии, горно-рудной и угольной  
промышленности**

**ҚР ЖБЖ 8.03-01-2022  
СЦП РК 8.03-01-2022**

Ресми басылым  
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму  
министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері  
комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства  
Министерства индустрии и инфраструктурного развития  
Республики Казахстан

Астана 2022

## Алғы сөз

1 ӘЗІРЛЕГЕН	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ
2 ҰСЫНҒАН	Қазақстан Республикасының индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі (ҚР ИИДМ) Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық (ТКШ) істері комитетінің Құрылыстағы сметалық нормалар басқармасы
3 ҚАБЫЛДАНҒАН ЖӘНЕ	ҚР ИИДМ Құрылыс және ТКШ істері комитетінің 10.11.2022 жылғы № 208-нқ бұйрығымен
ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН МЕРЗІМІ	04.01.2023 жылдан бастап

**Осы мемлекеттік нормативті ҚР сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.**

## Предисловие

1 РАЗРАБОТАН	АО «КазНИИСА»
2 ПРЕДСТАВЛЕН	Управлением сметных норм в строительстве Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства (ЖКХ) Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (МИИР РК)
3 ПРИНЯТИ	Приказом Комитета по делам строительства и ЖКХ МИИР РК от 10.11.2022 года № 208-нқ
ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ	с 04.01.2023 года

**Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства РК.**

## Мазмұны

<b>1-кіші бөлім Қара металлургия .....</b>	<b>1</b>
1-тарау Металлургия өндірісі .....	5
1702-0101-01-кесте – Толық циклды және қайта илемдеу металлургиялық зауыттары .....	7
1702-0101-02-кесте – Домналық өндіріс .....	8
1702-0101-03-кесте – Болат балқыту өндірісі .....	11
1702-0101-04-кесте – Болат балқыту өндірісінің дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдығын дайындауға техникалық тапсырмалар .....	14
1702-0101-05-кесте – Болатты үздіксіз құю бөлімшелері .....	15
1702-0101-06-кесте – Илемдеу цехтары .....	17
1702-0101-07-кесте – Илеу цехтарының дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдығын дайындауға арналған техникалық тапсырмалар .....	22
1702-0101-08-кесте – Құбыр цехтары .....	23
1702-0101-09-кесте – Құбыр цехтарының дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдығын дайындауға арналған техникалық тапсырмалар .....	27
1702-0101-10-кесте – Ұнтақ металлургиясының объектілері .....	28
1702-0101-11-кесте – Ұнтақ металлургиясы объектілерінің дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдығын дайындауға техникалық тапсырмалар .....	29
1702-0101-12-кесте – Ұнтақ металлургиясы объектілерін өндіру көлемінің өзгерісін есепке алатын құн коэффициенттері .....	29
1702-0101-13-кесте – Қожды қайта өңдеу өндірісі .....	31
1702-0101-14-кесте – Өкпәс цехтары .....	32
1702-0101-15-кесте – Жөндеу шаруашылығы және зертханалар .....	33
1702-0101-16-кесте – Қойма шаруашылығы .....	35
1702-0101-17-кесте – Цехаралық көлік .....	36
1702-0101-18-кесте – Бункерлік эстакадалар .....	38
1702-0101-19-кесте – Өндірістік байланыс объектілері .....	39
1702-0101-20-кесте – Автоматтандырылған басқару жүйесінің техникалық құралдар кешенінің объектілері .....	40
1702-0101-21-кесте – Энергиямен жабдықтау жүйелерін басқаруды диспетчерлеу .....	41
1702-0101-22-кесте – Жылу-күштік шаруашылық .....	44
1702-0101-23-кесте – Газ шаруашылығы .....	47
1702-0101-24-кесте – Орталық ағындық және сормалы желдету станциялары .....	49
1702-0101-25-кесте – Электр шаруашылығы .....	51
1702-0101-26-кесте – Жерасты желілері мен құрылыстарын топырақ коррозиясынан кезбе токтардың коррозиясынан электр-химиялық қорғау .....	51
1702-0101-27-кесте – Су бассейнін өндірістік сарқынды сулармен ластанудан қорғау жөніндегі іс-шаралар .....	53
1702-0101-28-кесте – Сумен жабдықтау мен кәріздің цехаралық құрылыстары .....	53
1702-0101-29-кесте – Сумен жабдықтау мен кәріздің цехаралық желілері .....	54
1702-0101-30-кесте – Өнеркәсіптік ағындарды тазарту құрылыстары .....	55
1702-0101-31-кесте – Әкімшілік-тұрмыстық ғимараттар мен құрылыстар .....	58
1702-0101-32-кесте – Бас жоспар және көлік .....	59
1702-0101-33-кесте – Сусымалы жүктерді ерітуге арналған гараждар .....	60
2-тарау Кокс-химия өндірісі .....	61
1702-0102-01-кесте – Кокс-химия өндірісі .....	62
1702-0102-02-кесте – Кокс-химия өндірісінің цехтары мен қондырғылары .....	64
1702-0102-03-кесте – Жұмыс істеп тұрған кокс батареялары мен кокс машиналарына техникалық қызмет көрсету және ағымдық жөндеу объектілері .....	65
3-тарау Ферроқорыту және құбыр құю өндірісі .....	66
1702-0103-01-кесте – Ферроқорыту зауыттары .....	68
1702-0103-02-кесте – Ферроқорыту өндірісінің объектілері .....	68
1702-0103-03 – Құбыр құю өндірісі .....	70
1702-0103-04-кесте – Ферроқорыту өндірісінің жекелеген құрылыстары .....	70
1702-0103-05-кесте – Ферроқорыту өндірісінің шлақ өңдеу цехы .....	71
1702-0103-06-кесте – Ферроқорыту өндірісінің ізбес цехтары .....	71
1702-0103-07-кесте – Ферроқорыту және құбыр құю өндірісінің жөндеу шаруашылығы .....	72
1702-0103-08-кесте – Ферроқорыту және құбыр құю өндірісінің қойма шаруашылығы объектілері .....	73

1702-0103-09-кесте – Электротехникалық құрылыстар (ферроқорыту өндірісі кешенінен тыс жобаланатын).....	73
1702-0103-10-кесте – Ферроқорыту және құбыр құю өндірісінің желдету шаруашылығы .....	74
1702-0103-11-кесте – Ферроқорыту және құбыр құю өндірісінің газ шаруашылығы .....	74
1702-0103-12-кесте – Ферроқорыту және құбыр құю өндірісінің жылу-күштік шаруашылығы құрылыстары.....	74
1702-0103-13-кесте – Ферроқорыту және құбыр құю өндірісінің сумен жабдықтау және кәріз құрылыстары.....	75
1702-0103-14-кесте – Атқарушылық жобалық бас жоспар.....	76
1702-0103-15-кесте – Ферроқорыту және құбыр құю өндірісінің дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдығын дайындауға техникалық тапсырмалар ...	76
4-тарау Металл сынықтарын қайта өңдеу кәсіпорындары.....	77
1702-0104-01-кесте – Металл сынықтарын қайта өңдеу кәсіпорындары .....	78
5-тарау Отқа төзімді өнеркәсіп кәсіпорындары .....	80
1702-0105-01 – Отқа төзімді зауыттар.....	82
1702-0105-02-кесте – Отқа төзімді цехтар.....	83
6-тарау Металл бұйымдары зауыттары .....	84
1702-0106-01-кесте – Металл бұйымдары зауыттары.....	85
1702-0106-02-кесте – Металл бұйымдары зауыттарының цехтары .....	85
1702-0106-03-кесте – Металл бұйымдары зауыттарының дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдығын дайындауға техникалық тапсырмалар .....	86
1702-0106-04-кесте – Металл бұйымдары зауыттарының қосалқы және қызмет көрсету мақсатындағы объектілері.....	87
1702-0106-05-кесте – Халық тұтынатын тауарлар цехы.....	88
1702-0106-06-кесте – Халық тұтынатын тауарлар цехтарының дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдығын дайындауға техникалық тапсырмалар ...	89
7-тарау Агломерациялық фабрикалар.....	90
1702-0107-01-кесте – Агломерациялық фабрикалар.....	91
1702-0107-02-кесте – Агломерациялық фабрикалардың дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдығын дайындауға техникалық тапсырмалар.....	91

## 2-кіші бөлімі Түсті металлургия ..... 92

1-тарау Түсті металлургия.....	95
1702-0201-01-кесте – Мырыш, қорғасын, мыс балқыту және мысты электролиздеу зауыттары .....	95
1702-0201-02-кесте – Мырыш, қорғасын, мыс балқыту және мысты электролиздеу зауыттары (жалғасы) .....	99
1702-0201-03-кесте – Никель-кобальт зауыттары.....	101
1702-0201-04-кесте – Алюминий және электрод өнеркәсібі өндірістері мен өңделімдері .....	104
1702-0201-05-кесте – Алюминий және электрод өнеркәсібі өндірістері мен өңделімдері ( 1 жалғасы).....	110
1702-0201-06-кесте – Алюминий және электрод өнеркәсібі өндірістері мен өңделімдері ( 2 жалғасы).....	115
1702-0201-09-кесте – Өндірістер мен қайта өңдеудің жекелеген түрлері .....	118
1702-0201-10-кесте – Титан және магний өндірудің корпусаралық инженерлік коммуникациялары, құрылыстары және құрылғылары.....	119
1702-0201-11-кесте – Сирек металдар мен жартылай өткізгіш материалдар өндірістерінің цехтары мен өңделімдері.....	119
1702-0201-12-кесте – Сутегі станциясы .....	123
1702-0201-13-кесте – Өнеркәсіптік сарқынды суларды тазарту құрылыстарының кешені .....	123
1702-0201-16-кесте – Екіншілік түсті металлургия зауыттары мен цехтары.....	124
1702-0201-17-кесте – Түрлендіру кіші станциялары.....	126

## 3-кіші бөлім Тау-кен өнеркәсібі..... 127

1-тарау Қара және түсті металлургияның, тау-кен-химиясының, асбест, отқа төзімді және флюстік шикізаттың тау-кен кәсіпорындары .....	128
1702-0301-01-кесте – Қара, түсті, сирек және асыл металдардың, құрамында алтын, алмас бар рудалардың, тау-кен химия, асбест, отқа төзімді және флюстік шикізаттың түбірлі кен орындарын қазу жөніндегі рудниктер .....	132
1702-0301-02-кесте – Шашылмалы кен орындарын драгалармен, экскаваторлы-гидромеханикаландырылған немесе гидромеханикаландырылған тәсілдермен қазатын кәсіпорындар.....	133
1702-0301-03-кесте – Ұсақтау-байыту фабрикалары.....	135

1702-0301-04-кесте – Маусымдық байыту қондырғылары.....	135
1702-0301-05-кесте – Руданы кесектеу фабрикалары .....	136
1702-0301-06-кесте – Ашық тау-кен жұмыстарының циклды-ағындық технологияларының ғимараттары мен құрылыстары.....	136
1-кесте - Карьер және шахта алаңдарын жерасты суларынан қорғауға арналған арнайы құрылыстарды жобалаудың күрделілік санаттары .....	137
1702-0301-07-кесте - Өлшеуіш-карьер (разрез), жер астындағы рудник (шахта).....	138
1702-0301-08-кесте – Аумақтарды су басудан және жерасты суларынан, кен кәсіпорындарының қалдық шаруашылықтары әсері аймағындағы ластанудан қорғау .....	139
1702-0301-09-кесте – Рудалар мен концентраттарды темір жол вагондарымен және думпкалармен тасымалдау кезінде олардың қатып қалуының алдын алуға арналған арнайы қондырғылар .....	139
1702-0301-10-кесте – Пайдалы қазбалар кен орындарын жерастылық қазу кезіндегі толтыру кешендері .....	140
2-тарау Рудалық және рудалық емес құрылыс материалдары кәсіпорындары .....	141
1702-0302-01-кесте – Рудалы емес шикізат өндіретін карьерлер (өндірудің экскаваторлық тәсілі) .....	144
1702-0302-02-кесте – Рудалы емес шикізат өндіретін карьерлер (гидромеханикландырылған тәсіл) .....	144
1702-0302-03-кесте – Блоктар өндіру карьерлері.....	145
1702-0302-04-кесте – Әйнек шығаруға арналған кварц құмын байыту фабрикалары.....	145
1702-0302-05-кесте – Ұсақтау-сұрыптау және байыту кәсіпорындары .....	146
<b>4-кіші бөлім Көмір өнеркәсібі.....</b>	<b>147</b>
1-тарау Көмір және жанғыш тақтатас кен орындарын қазудың жерастылық тәсілі.....	151
1702-0401-01-кесте – Көмір мен жанғыш тақтатас қазуды жерасты тәсілімен жүргізетін кәсіпорындар және жекелеген өндірістер.....	156
1702-0401-02-кесте – Кешеннен тыс жобалау үшін көмір мен жанғыш тақтатас кен орындары жерасты тәсілімен қазылатын жекелеген объектілер .....	157
2-тарау Көмір және жанғыш тақтатас кен орындарын қазудың ашық тәсілі.....	158
1702-0402-01-кесте – Көмір мен жанғыш тақтатас кен орындары ашық тәсілімен қазылатын кәсіпорындар мен жекелеген объектілер .....	161
1702-0402-02-кесте – Кешеннен тыс жобалау үшін көмір мен жанғыш тақтатас кен орындары ашық тәсілмен қазылатын жекелеген объектілер .....	161
3-тарау Көмірді және жанғыш тақтатасты байыту және брикеттеу .....	162
1702-0403-01-кесте – Көмір мен жанғыш тақтатасты байыту мен брикеттеу кәсіпорындары және жекелеген өндірістері .....	166
1702-0403-02-кесте – Кешеннен тыс жобалау үшін көмір мен жанғыш тақтатастарды байыту және брикеттеу жөніндегі жекелеген объектілер.....	167
4-тарау Кәсіпорындар мен өндірістерге ағымдағы жөндеу-техникалық қызмет көрсету және материалдық-техникалық жабдықтау .....	168
1702-0404-01-кесте – Кәсіпорындар мен өндірістерге ағымдағы жөндеу-техникалық қызмет көрсету және материалдық-техникалық жабдықтау өндірістік кешендері және жекелеген объектілері.....	170
5-тарау Шахталар мен рудниктер оқпандарының өтпелері және олардың қиылыстары, сондай-ақ әртүрлі тәсілдермен қазан-шұңқырлар салу.....	171
1702-0405-01-кесте – Оқпандар мен олардың қиылыстарын қазу және арнайы тәсілдермен қазан- шұңқырлар салу жөніндегі кешендер мен жекелеген өндірістер .....	173
<b>5-кіші бөлім Көмір өнеркәсібінің жөндеу кәсіпорындары .....</b>	<b>174</b>
1-тарау Көмір өнеркәсібінің жөндеу кәсіпорындары .....	176
1702-0501-01-кесте – Жөндеу кәсіпорындары .....	176
1702-0501-02-кесте – Жөндеу цехтары.....	176
В қосымшасы .....	178
<b>Қосымша (ақпараттық).....</b>	<b>181</b>
<b>1-кіші бөлім Қара металлургия .....</b>	<b>181</b>
1702-0101-01-кестеге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен .....	181
1702-0101-02-кестеге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен .....	183







1702-0301-01-кестеге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен .....	278
1702-0301-02-кестеге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен .....	279
1702-0301-03, 1702-0301-05-кестелерге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен .....	280
1702-0301-06-кестеге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен .....	281
1702-0301-07-кестеге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен .....	281
1702-0301-08-кестеге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен .....	283
1702-0301-09-кестеге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен .....	284
1702-0301-10-кестеге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен .....	285
1702-0302-01 – 1702-0302-05-кестелерге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен .....	286
<b>4-кіші бөлім Көмір өнеркәсібі .....</b>	<b>287</b>
1702-0401-01, 1702-0401-02-кестелерге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен .....	287
1702-0402-01, 1702-0402-02-кестелерге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен .....	290
1702-0403-01, 1702-0403-02-кестелерге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен .....	292
1702-0404-01-кестеге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен .....	294
1702-0405-01-кестеге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен .....	297
<b>5-кіші бөлім Көмір өнеркәсібінің жөндеу кәсіпорындары .....</b>	<b>298</b>
1702-0501-01-кестеге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен .....	298
1702-0501-02-кестеге – Жобалау жұмыстарының құнын жобалау құжаттамасының бөлімдері бойынша ұсынылатын бөлу, бағаның пайызымен .....	300

## 2-бөлім Металлургия, тау-кен және көмір өнеркәсібі кәсіпорындары

---

### Раздел 2 Предприятия металлургии, горно-рудной и угольной промышленности

---

Енгізу күні 2023-01-04

#### 1-кіші бөлім Қара металлургия

##### Баға қолдану бойынша нұсқаулар

1 Осы кіші бөлімде:

- толық циклды және қайта илемдейтін металлургия зауыттарының (жобаларды әзірлеуге ғана);
- металлургия өндірісінің жекелеген цехтарының;
- қосалқы-қосымша мақсаттағы объектілердің;
- энергия шаруашылығы, электрмен жабдықтау, механикалық көлік және байланыс цехаралық желілері мен құрылыстарының;
- бас жоспар мен көліктің;
- кокс-химия өндірісінің;
- ферробалқыту өндірісінің;
- құбыр цехтарының;
- қайталама қара металдарды қайта өңдеу;
- отқа төзімді өндіріс;
- метиз өндірісі кәсіпорындарының;
- халық тұтынатын тауарлар шығару цехтарының;
- агломерациялық фабрикалардың жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге арналған бағалар келтіріледі.

2 Кіші бөлім бағаларында:

- құрылыс алаңының су деңгейін төмендетуді;
- тиісті кестелерде, сондай-ақ 5-тараудың бағаларын қолдану жөніндегі ережелердің 12 «а», «б» позицияларында санамаланған дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдықты дайындауға техникалық тапсырмаларды жобалау құны ескерілмеген.

---

**Ресми басылым**

Бастапқы талаптарды әзірлеу құны:

- өндіріс ағындары мен қалдықтарын қайта өңдеу жөніндегі су тазарту және басқа да құрылыстардың;
- жабдықтардың, құбырлардың және конструкциялардың жылу оқаулағышы мен химиялық қорғаушының;
- энергия шаруашылығының, электрмен жабдықтаудың цехішілік және жалпызауыттық жүйелері телемеханизациясының;
- өнеркәсіптік пештер үшін жылуды кәдеге жаратуды қоспағанда, ұшпалы түтін газдары мен желдеткіштік шығарылымдардың жылуын кәдеге жарату қондырғыларының;
- жер құнарлылығын қалпына келтірудің;
- санитарлық-қорғану аймағының техникалық тапсырмаларын әзірлеуге арналған баға бойынша айқындалады.

Құрылысы шетелде салынуға жататын объектілер үшін немесе импорт бойынша сатып алынатын жабдыққа арналған дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа жабдықты дайындауға арналған техникалық тапсырмаларды (бастапқы талаптарды) әзірлеу құны кіші бөлімде келтірілген 1,25 коэффициенті бар бағалар бойынша айқындалады.

3 Кіші бөлімнің бағаларында мынадай:

- арнайы су пайдалануға рұқсат алу үшін материалдар әзірлеу жөніндегі;
- цехтағы пеш шаруашылығын құрастыру жөніндегі;
- объектіні бірнеше бас мердігер салған жағдайда, құрылыс салу құнының ведомостерін жасау жөніндегі;
- қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес тапсырыс беруші ұсынуға тиіс жобалауға арналған бастапқы деректерді дайындау жөніндегі;
- өрт кезінде үй-жайлардан түтінді аластау бойынша іс-шаралар әзірлеу және өрт қаупі бар үй-жайлардың баспалдақ клеткаларындағы ауаның қысымын арттыруды қамтамасыз ету жөніндегі;
- құрылыспен біріктірілген жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеумен, сондай-ақ құрылыстың тораптық әдісі ескеріле отырып туындаған шығындар мен жұмыстар ескерілмеген.

4 Жұмыс істеп тұрған кәсіпорында құрылысын салуға (қайта жөндеуге, кеңейтуге, техникалық қайта жарактандыруға) жататын жеке өндірістің, цехтың жобасын әзірлеу құны өндірістің, қосалқы-қосымша мақсаттағы объектілер цехының, цехаралық желілер мен құрылыстардың, бас жоспар мен көліктің жобасын әзірлеуге арналған бағаларды қосу жолымен айқындалады. Бұл ретте цехаралық желілердің барлық түрлерінің (электрмен жабдықтауды қоспағанда) жобасын әзірлеу құны тиісті зауыттың, кәсіпорынның жобасын әзірлеуге арналған құнның 7% дейінгі мөлшерде анықталады.

5 Зауыт жобасы кешенінен немесе жеке өндірістен тыс орындалатын өнеркәсіптік шығарылымдардан атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі іс-шаралар кешенін есептеу құны 0,038 дейінгі коэффициент қолданыла отырып, жобаны әзірлеуге арналған бағалар бойынша айқындалады. «Жұмыс құжаттамасы» сатысындағы бағаларда жобада қабылданған шешімдерден ауытқулар ескеріле отырып, атмосфераны қорғау жөніндегі іс-шаралар кешенінің есебін нақтылау жұмыстары ескерілген. «Жұмыс құжаттамасы» сатысындағы осы жұмыстар орындалмаған жағдайда «Атмосфераны қорғау» құны бағадан алынып тасталады.

Су бассейнін қорғау жөніндегі іс-шаралар кешенінің есебін әзірлеу құны осы бөлімнің бағасының 20%-ы мөлшерінде «Сумен

жабдықтау және кәріз» жобасының бөлімінде ескерілген.

6 «Сәулет-құрылыс бөлімінің» бағаларында «Промэстетиканы» жобалау: «Жоба» сатысында – 10%, «Жұмыс құжаттамасы» сатысында – 5%, «Жұмыс жобасы» сатысында – 6% мөлшерінде ескерілген.

7 «Жылыту, желдету, ауаны баптау және ыстық сумен жабдықтау» бағаларында электр қозғалтқыштарын салқындатуды жобалау ескерілген.

8 Осы кіші бөлімнің бағаларында жапсарлас салынатын қосалқы, қосымша және тұрмыстық үй-жайларды жобалау ескерілген.

9 Құрылыс салудың тораптық әдісі ескеріле отырып жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу кезінде жобалаудың барлық сатыларындағы бағаларға 1.1 коэффициенті қолданылады.

Құрылыспен бірге орындалатын жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу құны 1,05 коэффициентімен жобалаудың барлық сатыларында айқындалады.

10 «Сәулет-құрылыс бөлімінің» бағаларында жобаланатын ғимараттардың терезелерін, есіктерін және қақпаларын ашуды механикаландыруды жобалау ескерілген.

11 Реттегіш органдары бар атқарушы тетіктердің буындасуларын жобалау құны «Автоматты түрде бақылауды және реттеуді» әзірлеу құнымен ескерілген.

12 «Жұмыс жобасын», «Жұмыс құжаттамасын» әзірлеу құны әрбір іске қосу кешенінің негізгі өндірістік және қосалқы-қосымша мақсаттағы объектілерді, цехаралық желілер мен құрылыстарды, бас жоспар мен көлікті әзірлеуге арналған бағаларды қосу жолымен іске қосу кешендері бойынша айқындалады.

13 Осы кіші бөлімнің бағаларын қолдану кезінде Жалпы ережелерді де басшылыққа алу қажет.

14 Кеңейтуге, қайта жөндеуге және техникалық қайта жарақтандыруға арналған жобалау-сметалық құжаттаманың бөлімдерін және жобалау жұмыстары түрлерін әзірлеу құны жаңа құрылысқа арналған бағаның пайыздағы құнын ұсынылатын бөлу кестелері бойынша айқындалады.

15 Жобалауға арналған тапсырмада технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйелерін (ТПБАЖ) және (немесе) өндірісті басқарудың автоматтандырылған жүйесін (ӨБАЖ) әзірлеу көзделген жағдайда, бағадан ТПБАЖ-ға жататын бөлігінде «Автоматты түрде бақылауды және реттеудің» және (немесе) «Өндірісті жедел басқарудың» құны алынып тасталады.

16 Көрсеткіші ең аз көрсеткіштен аз немесе ең көп көрсеткіштен артық объектіні жобалау құны экстраполяциялау жолымен айқындалады. Бұл ретте түзету шамасы кестедегіден артық көрсеткіш кезінде 0,6 коэффициентімен, және кестедегіден аз көрсеткіш кезінде – 1,4 коэффициентімен қабылданады.

Жобаланатын объектінің негізгі көрсеткіші кестеде келтірілген көрсеткіштен төрттен аспайтын есеге артық немесе кем болған жағдайларда, жобалау жұмыстарының құнын экстраполяциялау жолымен айқындауға жол беріледі.

17 Тікелей бағалар келтірілген көрсеткіштердің арасындағы аралықта көрсеткіші орналасқан объектіні жобалау құны интерполяциялау жолымен айқындалады.

18 Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды, цехтарды, ғимараттар мен құрылыстарды қайта жөндеуге және техникалық қайта

жарақтандыруға арналған жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу құны Жалпы ережелерге сәйкес бөлім бағалары бойынша айқындалады.

Осы құнға барлық кәсіпорынға, цехқа, ғимаратқа, құрылысқа қатысы бойынша кеңейтілетін, қайта жөнделетін, қайта жарақтандырылатын бөліктің үлес салмағын ескеретін төмендету коэффициенті енгізіледі.

19 Кіші бөлімдер кестелері мынадай бағандарды қамтиды:

- 1) Позицияның нөмірі
- 2) Жобалау объектісінің атауы
- 3) Объектінің негізгі көрсеткіші

4) а және б бағасының параметрлері («ЖҚ» сатысы үшін жобаланатын объект бағасының параметрлерін білдіреді). Мың теңгемен өлшенеді.

5) K1 – «Ж» сатылығының коэффициенті

6) K2 – «ЖЖ» сатылығының коэффициенті

20 Егер алаңды таңдау жұмыс жобасын (жобаны) әзірлеу кезінде жүзеге асырылатын болса, объектілер салуға арналған алаңды таңдау бойынша жобалау жұмыстарының құны жоба құнының 0,05 коэффициентін қолдана отырып, осы бөлімнің бағасы бойынша айқындалады.

20 Жобалау жұмыстарына арналған бағалар 2023 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша ағымдағы деңгейде есептелген.

## 1-тарау Металлургия өндірісі

1 1702-0101-01-кестеде 9 күрделілік санаты үшін толық циклды металлургиялық зауыттардың және 7 күрделілік санаты үшін қайта илемдеу зауыттарының кешенді жобаларын әзірлеуге арналған бағалар келтірілген.

2 Металлургиялық зауыттардың күрделілік санаты болат балқыту өндірісінің қуаты бойынша; болат балқыту өндірісі жоқ зауыттарда – илемдеу (құбыр илемдеу) цехының қуаты бойынша және дербес қайта илемдер саны бойынша айқындалады. Бұл ретте мыналар дербес қайта илемдер деп есептеледі: кен дайындау шаруашылығы, кокс-химия өндірісі, отқа төзімді өндіріс, домна цехтары, мартен цехтары, оттегілік-конвертерлік цехтар, электрмен болат балқыту цехтары, жартылай фабрикаттарды илемдеу жөніндегі цехтар, металды ыстықтай илемдеу цехтары, металды суықтай илемдеу цехтары, жабын цехтары, майысқан профильдерді илемдеу цехтары, құбыр илемдеу цехтары, құбырды электрмен дәнекерлеу цехтары, құбырларды суықтай созу цехтары, баллондар өндіру цехтары, метиз цехтары, тауар өнімдерін өндіру жөніндегі термиялық цехтар, тауар өнімдерін өндіру бойынша калибрлеу цехтары, тауар өнімдерін өндіру жөніндегі ұста-пресстік цехтар.

3 Барлық санаттағы зауыттардың жобаларын әзірлеуге арналған бағаларда мыналарды:

– тұрғын үй-мәдени және тұрмыстық құрылысты, аглофабрикаларды, кокс-химиялық, отқа төзімді, ферроқорыту, метиз, азоттық-тукты және құбыр өндірістерін, шлак өңдеуді, ұнтақ металлургияны, сұйық металл мен кеуекті темірді, ЖЭО, ПВС, дизель электр станцияларын, сутегі, оттегі және тоңазыту станцияларын;

– аудандық құрылыс базаларын;

– жоғары легирленген болат маркаларынан илем өндіруді жобалау ескерілмеген.

4 Барлық санаттағы зауыттардың жөндеу шаруашылықтарының жобасын әзірлеуге арналған бағаларда тауар өнімдерін өндіруге арналып мамандандырылған цехтарды (сыдыру, ұста-пресстік, бастыру, құбыр құю, фитингілік, фасондық қосқыш бөліктер) жобалау ескерілмеген.

5 Зауыттар жобасының «Технологиялық бөлігі» бағаларында жобалау құны пайызбен көзделген:

Өндірістер мен шаруашылықтардың атауы	Санаттар бойынша толық циклды		Санаттар бойынша қайта илемдейтін	
	I – IV	V – IX	I – III	IV – VII
Домна	15,5	13,6	–	–
Болат балқыту	15,5	14,4	10,2	17,6
Болатты үздіксіз құю бөлімшесі	8	7,8	11,6	10,6
Илемдеу	31,1	35	41,6	39,2
Жөндеу	19,9	19,3	21,4	18,9
Зертханалар	3,8	4,2	6	5,6
Ізбестік	6,2	5,7	9,2	8,1
Жиыны	100	100	100	100

6 Егер металлургиялық кәсіпорынның ауа бассейнін қорғау іс-шаралары кешенін есептеу көрші кәсіпорындардың ықпалы ескерілмей орындалса, «Атмосфераны қорғау» бағасы кешенді бағаны тиісті түзетумен 35% төмендетіледі.

7 Барлық санаттағы зауыттардың кешенді жобасының «Сумен жабдықтау және кәріз» бағаларында осы өндірістердің аумақтарындағы аглофабриканы, кокс-химия цехын, метиздік және отқа төзімді цехтарды айналым циклдары мен цехаралық желілерді орнатпастан зауыттық желілермен қамтамасыз ету көзделген.

8 Барлық санаттағы зауыттардың кешенді жобасының «Бас жоспар және көлік» бағаларында аглофабриканы, кокс-химия цехын, метиздік және отқа төзімді цехтарды көлік байланыстарымен қамтамасыз ету ескерілген.

Зауыттың аумағында осы объектілер болмаған кезде «Бас жоспар және көлік» бөлігінің құны азаяды (кешенді бағаның төмендегідей тиісті түзетілуімен):

- аглофабрика – 2,5%;
- кокс-химия цехы – 3%;
- отқа төзімді цехтар – 0,5%;
- метиздік цехтар – 6,5%.

9 Барлық санаттағы зауыттардың кешенді жобасының «Байланыс, дабылдама және телевизия» бағаларында мыналарды:

- жерасты құбырлары мен кабельдерді коррозиядан 5% мөлшерінде электрлік қорғауды;
- сынамалар пневмокөлігінің автоматикасын 10% мөлшерінде жобалау ескерілген.

10 Жекелеген өндірістерді, цехтарды, ғимараттар мен құрылыстарды, цехаралық желілерді жобалаудың барлық сатыларында жобалауға арналған бағаларда топырақтың коррозиясынан және кезбе токтардың коррозиясынан электр-химиялық қорғау құны ескерілмеген.

**1702-0101-01-кесте – Толық циклды және қайта илемдеу металлургиялық зауыттары**

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге
	Толық циклды зауыттар:	-	-
1	5 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 2 млн. т дейінгі, I санат	объект	351 962
2	6 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 2 млн. т дейінгі, II санат	объект	369 914
3	7 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 4 млн. т дейінгі, III санат	объект	410 349
4	8 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 4 млн. т дейінгі, IV санат	объект	441 744
5	8 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 6 млн. т дейінгі, V санат	объект	509 987
6	9 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 6 млн. т дейінгі, VI санат	объект	529 736
7	8 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 9 млн. т дейінгі, VII санат	объект	619 709
8	9 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 9 млн. т дейінгі, VII санат	объект	630 875
9	9 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 11 млн. т дейінгі, IX санат	объект	688 569
	Қайта илемдеу зауыттары:	-	-
10	1 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 0,5 млн. т дейінгі, I санат	объект	208 385
11	2 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 0,5 млн. т дейінгі, II санат	объект	215 628
12	2 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 1 млн. т дейінгі, III санат	объект	241 006
13	Өнімділігі 1 млн.т/жыл дейінгі сапалы болат өндіретін, IV санат	объект	257 305
14	2 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 1 млн. т дейінгі, V санат	объект	291 731
15	3 млн.т/жыл қайта илемдеуімен өнімділігі 1 млн. т астам, VI санат	объект	314 344
16	Өнімділігі 1 млн.т/жыл астам сапалы болат өндіретін, VII санат	объект	323 819

**2 Металлургиялық зауыттардың жекелеген өндірістері, цехтары, ғимараттары, құрылыстары, цехаралық желілері**

1 Өндірістердің, цехтардың, құрылыстардың жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге қойылатын бағаларда меншікті өндірісті, цехты, ғимаратты, құрылысты жобалау құны ескерілген.

2 Қуат, өнімділік көрсеткіші бойынша кестелерде келтірілгендерден ерекшеленетін өндірістерді, цехтарды, ғимараттарды, құрылыстарды жобалау құны, егер баға қуаттың, өнімділіктің бір көрсеткішіне келтірілсе, көрсеткіштер сәйкес келген кезде және кестедегі көрсеткіштен 15% аспайтын шамада асып кеткен кезде келтірілген бағалар бойынша айқындалады. Кестедегі көрсеткіштен 15% астам шамада асып кеткен кезде баға өнімділіктің әрбір толық 10% ұлғаюы үшін 10% ұлғаяды (15% тысқары). Өнімділік көрсеткіші кестедегіден төмен болған кезде бағаға төмендету коэффициенті енгізіледі.

3 «Жылыту, желдету, ауаны баптау және ыстық сумен жабдықтау» бағаларында «Сантехникалық жүйелерді автоматтандыруды» 10% мөлшерде жобалау ескерілген.

4 Жоғары легирленген болаттар мен қорытпаларды өндіруге арналған илемдеу цехтарын немесе басқа да цехтарды салуға арналған



жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу құны осы тарауда келтірілген бағалар бойынша 1,2 коэффициентімен айқындалады.

## 2.1-Домналық өндіріс

### 1702-0101-02-кесте – Домналық өндіріс

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	K1	K2
	Домна пешінің өзін; дөңгелек нысандағы құю ауласын; газ-ауа өткізгіштері, ғимараты, пешті «тартуға» арналған құбыры, түтін құбыры, «Снорт» клапаны және ауаны бәсеңдеткіші бар ауаны қыздырғыштар блокты; газ өткізгіштері бар шаң ұстағышты; пешті басқару ғимаратын; лифтіні; сүзгілер үй-жайын қоса алғанда, көлемі	-	-	-	-
1	5580 м³ домна пеші	пеш	517 550	0,26	1,13
2	3200 м³ домна пеші	пеш	335 267	0,26	1,13
3	колошникті көтергіш ғимаратын 2700 м³ домна пеші	пеш	290 353	0,26	1,13
4	колошникті көтергіш ғимаратын 2000 м³ домна пеші	пеш	243 695	0,26	1,13
5	колошникті көтергіш ғимаратын 1386 м³ домна пеші	пеш	186 625	0,26	1,13
6	тік бұрышты нысандағы бір құю ауласы бар көлемі 1719 м³ домна пеші	пеш	220 838	0,26	1,13
7	тік бұрышты нысандағы бір құю ауласы бар көлемі 1033 м³ домна пеші	пеш	150 302	0,26	1,13
8	Ізбес ерітіндісін дайындау бөлімшесін, сорғы станциясын, тұндырғыштарды, жиектеу және маневрлік құрылғыны, электр-техникалық үй-жайды, аспирациялық қондырғыларды қоса алғанда, жүк көтергіштігі 140 тонна шойын тасымалдаушыларынан шойын төгуге арналған төгу машинасы	машина	91 306	0,26	1,13
9	Күкірттендіргішпен үрлеуге арналған шойынды шөмішті орнату учаскелерін, фурм жөндеуді, күкіртсіздендіру бункерін, электр-техникалық үй-жайды, басқару пульттерін қоса алғанда, шойынды күкіртсіздендіру бөлімшесі	бөлімше	58 623	0,26	1,13
10	Қаптауышты, кептіргішті суықтай және ыстықтай жөндеу учаскелері, отқа төзімді материалдар мен бұйымдары бар қоймасы бар шойынта сығыштарды отқа төзімді жөндеу депосы	депо	62 058	0,26	1,13
11	Шөміштердің қаптамаларын үзуге, тазартуға және ыстықтай жөндеуге арналған учаскелері бар, шойынта сығыштарды тазарту депосы	депо	20 564	0,26	1,13
12	Шикізат қоймасы, өнімдер дайындау және дайын өнімдер беру учаскелері бар, отқа төзімді массалар дайындау бөлімшесі (сусыз леткалы массалар, шойын летка мен науалар қабын қаптауға арналған массалар)	бөлімше	27 701	0,26	1,13

## 2.2 Болат балқыту өндірісі

1 1702-0101-03-кестеде болат балқыту өндірісі объектілерінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу бағалары келтірілген.

2 Кестенің бағаларында зертханалар мен шеберханаларды жобалау ескерілмеген, олар әдетте, бірнеше цех үшін ортақ болып табылады. ЭШП, ВДП және ВИП пештері бар болатты электрмен балқыту цехтарындағы арнайы шеберханаларды жобалау құны осы цехтарды жобалау құнында ескерілген.

3 Кестенің бағаларында болатты пештен тыс өңдеуге арналған қоспалар дайындау бөлімшелерін, әкімшілік-тұрмыстық корпусты, төгілмелі материалдарды цехқа беру трактысын, сұйық ферроқұймаларды дайындау бөлімшесін жобалау ескерілмеген.

4 Кестенің бағаларында қоректендіру қондырғысы мен конверторлық цехтар үшін бу-аккумуляторлық қондырғыны осы қондырғыларды цехқа орнату кезінде жобалау бағасының 1,1% мөлшерінде жобалау ескерілген. Көрсетілген қондырғыларды цехтан тыс, энергия шаруашылығы бөлімшелеріне орнату кезінде оларды жобалау құны конвертерлік цехты жобалау құнынан алынып тасталады.

5 Білтелері және толық жағу қондырғысы бар түтін сорғышты жобалау құны конвертерлік цехтарды жобалауға қойылатын бағаларда ескерілген және цехты жобалау бағасының 3,7% құрайды. Түтін сорғыштың жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу құнын ұсынылатын бөлу 1702-0101-22-кестеде келтірілген.

6 Үшінші конвертер орнату арқылы конвертер цехын кеңейту кезінде жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу бағасы екі конвертері бар конвертерлік цехтарды жобалауға қойылатын баға бойынша 0,7 коэффициентімен; доғалы пештері бар болатты электрмен балқыту цехын кеңейту кезінде – әрбір келесі пешке 0,6 коэффициентімен айқындалады.

7 Доғалы пештері бар болатты электрмен балқыту цехтарының (7-11 поз.) жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге қойылатын баға пештердің саны өзгерген кезде жобалау құнына қойылатын коэффициенттер қолданылып айқындалады.

Пештердің саны:

– 2 – 0,8 дейін;

– 1 – 0,5 дейін азайған кезде.

Пештердің саны ұлғайған кезде – әрбір келесі пешке 0,2 коэффициентімен.

8 Сұйық металды пештен тыс өңдеу бөлімшелерінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге қойылатын баға (12 – 18 поз.) сұйық металдың төмендегі санын өңдеуді қамтамасыз ететін бір қондырғының құрамындағы бөлімшеге айқындалған, млн. т/жыл:

– 12 – 0,6 поз.;

– 13 – 1 поз.;

– 14 – 1,7 поз.;

– 15 – 0,7 поз.;

– 16 – 1 поз.;

– 17 – 0,7 поз.;

– 18 – 1 поз.

9 Бірнеше қондырғының құрамындағы металды пештен тыс өңдеу бөлімшелерінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу бағасы 1702-0101-03-кестенің 12 -18 позициясы бойынша құнды біріншіден басқа 0,9 коэффициентті қондырғылар санына көбейтумен анықталады.

10 ЭШП пештері бар болатты электрмен балқыту цехтары үшін (19 – 21 поз.) пештердің саны 30% аспайтын шамаға өзгерген кезде жобалау бағасы өзгермейді. Қалған жағдайларда цехты жобалау құнын айқындау кезінде мынадай коэффициенттер қолданылады:

– пештердің саны азайған кезде:

30-дан 50% дейін – 0,8;

50-ден астам 80% дейін – 0,6;

80% астам – 0,4;

– пештердің саны ұлғайған кезде:

30-дан 50% дейін – 1,2;

50-ден астам 80% дейін – 1,4;

80% астам 100% дейін – 1,6.

11 ВДП және ВИП пештері бар болатты электрмен балқыту цехтары үшін (22 поз.) пештердің бөлімшелерін жобалау құны тиісінше әрқайсысы үшін цехты жобалау бағасының 50% құрайды. Әрбір бөлімшедегі пештердің саны 20% аспайтын шамаға өзгерген кезде бөлімшелерді жобалау бағасы өзгермейді. Қалған жағдайларда әрбір бөлімшенің жобалау құнын айқындау кезінде мынадай коэффициенттер қолданылады:

– пештердің саны азайған кезде:

30-дан 50% дейін – 0,8;

50-ден астам 80% дейін – 0,6;

80% астам – 0,4;

– пештердің саны ұлғайған кезде:

30-дан 50% дейін – 1,2;

50-ден астам 80% дейін – 1,4;

80% астам 100% дейін – 1,6.

12 ВИП және ВДП пештері бар болатты электрмен балқыту цехтары үшін (23 поз.) пештердің бөлімшелерін жобалау құны жобалауға қойылатын жалпы бағаның тиісінше 70% және 30%-ын құрайды.

Шағын пештері бар (2 тоннаға дейінгі құймасымен) және ірі пештері бар (10 тоннаға дейінгі құймасымен) ВДП пештерінің бөлімшелері бөліктерінің құны тиісінше 40% және 60% құрайды.

ВДП бөлімшесінің әрбір бөлігі пештерінің саны 20% аспайтын шамаға өзгерген кезде бөлімшелердің тиісті бөліктерін жобалау бағасы өзгермейді. Қалған жағдайларда ВДП бөлімшесінің әрбір бөлігін жобалау құнын айқындау кезінде мынадай коэффициенттер қолданылады:

– пештердің саны азайған кезде:

30-дан 50% дейін – 0,8;

30-ден астам 80% дейін – 0,6;

80% астам – 0,4;

– пештердің саны ұлғайған кезде:

30-дан 50% дейін – 1,2;

50-ден астам 80% дейін – 1,4;

80% астам 100% дейін – 1,6.

Сыйымдылығы 25 тоннаға дейінгі бір пештің құрамында ВИП пештерінің бөлімшелерін жобалау кезінде жобалау құны 0,24 коэффициентімен 23 позиция бойынша қабылданады. Пештердің саны ұлғайған кезде (2 астам) әрбір келесі пешті жобалау құны 0,09 коэффициентімен қабылданады.

13 Дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдықты дайындауға техникалық тапсырмаларды әзірлеу құны 1702-0101-04-кестесінің бағалары бойынша айқындалады.

### 1702-0101-03-кесте – Болат балқыту өндірісі

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың тенге	K1	K2
	Конвертерлік бөлімшенің (аралықтар: конвертерлік, жиынды, болат құю шөміштерін дайындау және жөндеу, шлақты шөміштерді қайта орнату, басқару постылары мен электр үй жайлары); шойын құю бөлімшесінің немесе миксер бөлімшесінің; білтелері және толық жағу қондырғысы бар түтін сорғыштың; жоғары қысымдағы сорғының; коректік және бу-аккумуляторлық бөлменің құрамындағы конвертерлік цех (БҰҚБ-сыз және пештен тыс өңдеу бөлімшесінсіз). Конвертерлер ізбес шақпағында қиыстырылған үрлеменен жұмыс істейді; газ бөлетін тракт – көміртегі шала тотығы толық жағылмайтын схема бойынша (конвертерлік газдарды пайдаланбай); шойын мен сынықты конвертерлік бөлімшеге беру 0.00 белгісінде	-	-	-	-
1	2 конвертермен (130 дейін) дана (сыйымдылығы т)	цех	405 878	0,23	1,12
2	3 конвертермен (130 дейін) дана (сыйымдылығы т)	цех	515 555	0,23	1,12
3	2 конвертермен (160-250) дана (сыйымдылығы т)	цех	501 388	0,23	1,12
4	3 конвертермен (160-250) дана (сыйымдылығы т)	цех	589 891	0,23	1,12
5	2 конвертермен (300-400) дана (сыйымдылығы т)	цех	647 852	0,23	1,12
6	3 конвертермен (300-400) дана (сыйымдылығы т)	цех	814 042	0,23	1,12

## 1702-0101-03-кестенің жалғасы

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	K1	K2
	Шихталық, сусымалы материалдар, электр пеші, бөлу, қаптау, желдету станциясы бөлімшелерінің құрамындағы 3-тенғалы пеші, сыйымдылығы				
7	25 т болатты электрмен балқыту цехы (БҰҚБ-сыз және пештен тыс өңдеу бөлімшесінсіз).	цех	278 380	0,23	1,12
8	50 т болатты электрмен балқыту цехы (БҰҚБ-сыз және пештен тыс өңдеу бөлімшесінсіз).	цех	309 683	0,23	1,12
9	100 т болатты электрмен балқыту цехы (БҰҚБ-сыз және пештен тыс өңдеу бөлімшесінсіз).	цех	450 130	0,23	1,12
10	150 т болатты электрмен балқыту цехы (БҰҚБ-сыз және пештен тыс өңдеу бөлімшесінсіз).	цех	496 971	0,23	1,12
11	200 т болатты электрмен балқыту цехы (БҰҚБ-сыз және пештен тыс өңдеу бөлімшесінсіз).	цех	514 945	0,23	1,12
	Шөміш, ұнтақ тәріздес және шақпақ материалдарды беру құралдарының, энергия тасығыштарды, үрлеу қондырғыларын, түтін аластату қондырғыларын беру жүйесінің құрамында ұнтақ тәріздес реагенттермен және таза газдармен үрлеу әдісімен сұйық металды пештен тыс өңдеу бөлімшесі, сыйымдылығы	-	-	-	-
12	30 – 70 т шөміштер үшін	бөлімше	14 166	0,24	1,12
13	100 – 50 т шөміштер үшін	бөлімше	24 830	0,24	1,12
14	300 – 400 т шөміштер үшін	бөлімше	37 854	0,24	1,12
	Шөмішті, вакуумдау қондырғысын, вакуумды-сорғылы және сорғылы-аккумуляторлық станцияларды, дербес кіші электр станциясын, камераны жылытқышты беру құралдарының, үстемелер беру құралдарының, энергия тасығыштарды беру, конденсатты бұру және суды тазарту жүйесінің, отқа төзімді учаскенің құрамында вакуумдеу әдісімен сұйық металды пештен тыс өңдеу бөлімшесі, сыйымдылығы	-	-	-	-
15	100 – 250 т шөміштер үшін	бөлімше	78 297	0,23	1,12
16	300 – 400 т шөміштер үшін	бөлімше	108 838	0,23	1,12

## 1702-0101-03-кестенің соңы

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	K1	K2
	Шөмішті, вакуумдау стендтерін, жылытқышты, үрлемені беру, стендтер арасында ауыстыру құралдарының, қоспалар беру құралдарының, үрлеу қондырғыларының, металды қыздыру және электр-магниттік ауыстыру дербес кіші электр станциясының, вакуум-сорғы станциясының, энергия тасығыштарды беру, конденсатты бұру және суды тазарту жүйесінің, отқа төзімді учаскенің құрамында кешенді өңдеу әдісімен сұйық металды пештен тыс өңдеу бөлімшесі, сыйымдылығы	-	-	-	-
17	30 – 70 т шөміштер үшін	бөлімше	56 438	0,22	1,11
18	100 – 250 т шөміштер үшін	бөлімше	128 413	0,22	1,11
	ЭШП, термоөңдеу, сыдыру пештері, құймалар қоймасы бөлімшелерінің, флюстер дайындау, тигель-шөміштер дайындау учаскелерінің құрамындағы	-	-	-	-
19	10 (10 дейін) дана электрлік-шлактық қайта балқыту пештері (ЭШП) бар болатты электрмен балқыту цехы (құйма массасымен, т)	бөлімше	181 271	0,23	1,12
20	6 (20 дейін) дана электрлік-шлактық қайта балқыту пештері (ЭШП) бар болатты электрмен балқыту цехы (құйма массасымен, т)	бөлімше	306 408	0,23	1,12
21	4 (40 дейін) дана электрлік-шлактық қайта балқыту пештері (ЭШП) бар болатты электрмен балқыту цехы (құйма массасымен, т)	бөлімше	241 288	0,23	1,12
	Шихталық, вакуумды-доғалы қайта балқыту пештері, вакуумдық индукциялық пештер, машзалдар, термоөңдеу, құймалар қоймасы бөлімшелерінің, құйма қалыптар дайындау, тигельдер қағу, кристаллизаторлар жөндеу шеберханалары учаскелерінің құрамында құйма массасы 2 т дейін 10 ВДП пешімен және сыйымдылығы 2,5 т дейін 5 ВИП пештерімен вакуум сорғыларын жөндеуге арналған болатты электрмен балқыту цехы	-	-	-	-
22	және сыйымдылығы 2,5 т дейін 5 ВИП пештерімен вакуум сорғыларын жөндеуге арналған болатты электрмен балқыту цехы	цех	337 635	0,23	1,12
23	10 т дейін құйма массасы бар 10 ВДП пешімен және сыйымдылығы 25 т 2 ВИП пештерімен вакуум сорғыларын жөндеуге арналған болатты электрмен балқыту цехы	цех	574 506	0,23	1,12

**1702-0101-04-кесте – Болат балқыту өндірісінің дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдығын дайындауға техникалық тапсырмалар**

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Баға параметрлері а, мың теңге
1	Конвертерлік цехтар	5 865
2	Доғалы электр пештері бар болатты электрмен балқыту цехтары	4 265
3	Болаттың арнайы түрлеріне арналған болатты электрмен балқыту цехтары	3 199
4	Конвертерлік цехтардың БҰҚБ	4 265
5	Болатты электрмен балқыту цехтарының БҰҚБ	3 199
Ескертпе – Цех бөлімшесінің жаңа технологиялық жабдығын дайындауға арналған техникалық тапсырмалар әзірлеу құны 0,4 коэффициентімен; цех уч. аскесі немесе бөлімше учаскесі – 0,2 коэффициентімен айқындалады.		

### 2.3 Болатты үздіксіз құю бөлімшесі

1 1702-0101-05-кестеде болатты үздіксіз құю бөлімшелерінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге қойылатын бағалар келтірілген (БҰҚБ).

2 Кестенің бағаларында бөлімшені жобалау мынадай құрамда ескерілген:

- БҰҚБ құю аралықтары;
- металды бейтарап газбен үрлеу учаскесі (тек ККЦ үшін);
- өнеркәсіп шөміштері мен технологиялық жабдықты дайындау учаскелері;
- тасымалдау, құйылған дайындамаларды әрлеу және қоймалау аралықтары;
- қабыршақтарға арналған сорғы станциясы бар шұңқыр;
- көтергіш сорғы;
- макротемплеттер зертханасы;
- басқару және электр үй-жайы бекеттері.

3 Бағаларда металды пештен тыс өңдеуді (вакуумдау, металды химиялық құрамы бойынша жеткізу) жобалау ескерілмеген.

4 Дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдықты дайындауға техникалық тапсырмалар әзірлеу құны 1702-0101-04-кестесінің бағалары бойынша айқындалады.

## 1702-0101-05-кесте – Болатты үздіксіз құю бөлімшелері

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	K1	K2
	Конвертерлермен 3 БҰҚҚ құрамындағы болатты үздіксіз құю бөлімшесі	-	-	-	-
1	Конвертерлік цехта 130 т дейінгі	бөлімше	502 759	0,24	1,12
2	Конвертерлік цехта 160 т-дан 250т дейінгі	бөлімше	605 504	0,24	1,12
3	Конвертерлік цехта 300 т-дан 400т дейінгі	бөлімше	731 175	0,24	1,12
	Конвертерлермен 6 БҰҚҚ құрамындағы болатты үздіксіз құю бөлімшесі	-	-	-	-
4	Конвертерлік цехта 130 т дейінгі	бөлімше	662 628	0,24	1,12
5	Конвертерлік цехта 160 т-дан 250т дейінгі	бөлімше	807 339	0,24	1,12
6	Конвертерлік цехта 300 т-дан 400т дейінгі	бөлімше	909 399	0,24	1,12
	Болатты электрмен балқыту цехында сыйымдылығы, электр пештерімен 3 БҰҚҚ құрамындағы болатты үздіксіз құю бөлімшесі	-	-	-	-
7	25 т дейінгі	бөлімше	258 958	0,24	1,12
8	50 т дейінгі	бөлімше	289 424	0,24	1,12
9	100 т дейінгі	бөлімше	354 163	0,24	1,12
10	150 т дейінгі	бөлімше	373 204	0,24	1,12
11	200 т дейінгі	бөлімше	403 670	0,24	1,12
12	Болат балқытатын цехтағы көлденең БҰҚҚ құрылысы	құрылыс	42 652	0,24	1,12
Ескертпе – Кестеде көрсетілгендерден ерекшеленетін БҰҚҚ саны бар бөлімшелерді жобалау кезінде жобалау құны жобаланатынға жақын БҰҚҚ саны бар бөлімшенің бағасы бойынша айқындалады және әрбір қондырғы бағасының 9%-ы қосылады немесе шегеріледі.					



## 2.4 Илемдеу цехтары

1 1702-0101-06-кестеде илемдеу цехтары мен бөлімшелерінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу бағалары келтірілген.

2 Цехтың (бөлімшенің) құрамы өзгерген (азайған) жағдайда цехтың (бөлімшенің) кестеде көрсетілген бағасына төмендету коэффициенті енгізіледі.

3 «Сәулет-құрылыс бөлімінің» бағаларында конструкцияларды химиялық қорғауды жобалау ескерілген.

4 «Жылыту, желдету, ауаны баптау және ыстық сумен жабдықтау» бағаларында электр жабдығының желдеткішін қоса алғанда, тарту-сору және технологиялық желдеткішті жобалау ескерілген.

5 «Жылулық-күштік шаруашылық» бөлігінің бағаларында залалсыздандырғыш қазандықтарды цех ғимаратына орнату кезінде пеш артына орнату қондырғысының технологиялық бөлігін жобалау ескерілген. Көрсетілген қондырғының жобалау-сметалық құжаттамасының басқа бөліктерін әзірлеу құны тиісті бөлімдерде ескерілген.

Залалсыздандырғыш қазандықтарды цех ғимаратынан тысқары орналастыру кезінде жобалау-сметалық құжаттамасының барлық бөлімдерінде жобалау құны 1702-0101-22-кестесі бойынша қабылданады. Бұл ретте, 1702-0101-06-кестесі бойынша жобалау-сметалық құжаттама бөлімдерінің құнын ұсынылатын бөлуді өзгертпей, цехты жобалау құны осы құнға азайтылады.

Қосалқы мердігерлік жобалау ұйымының залалсыздандырғыш қазандықтары жобалау-сметалық құжаттамасының технологиялық бөлігі орындалған жағдайда оны құнын 1702-0101-22-кестесі бойынша қабылдау қажет.

6 Дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдықты дайындауға техникалық тапсырмалар әзірлеу құны 1702-0101-07-кестесінің бағалары бойынша айқындалады.

## 1702-0101-06-кесте – Илемдеу цехтары

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	K1	K2
1	Дайындама қоймасының, қыздыру пешінің, клеттердің жаншу тобының, жайманы қыздыратын өтпе пештің, клеттердің қара және аралық топтарының, сымды-блокты қапастардың, ұшпалы қайшының, орам түзгіштің, орамдарды ауамен салқындату транспортерінің, тоқу машиналары мен бума қоймасы құрамындағы бумадағы созба сымды өндіруге арналған, өнімділігі 400 мың т/жылды құрайтын цех	цех	321 580	0,25	1,13
2	Дайындама қоймасының, қыздыру пештерінің, клеттердің жаншу, қара, аралық және таза топтарының, қайшының, тоңазытқыштың, дұрыс машиналардың, пакеттеуші және тоқу машиналарының, дайын өнімді әрлеу және термоөңдеу жабдығының, дайын өнім қоймасының құрамындағы шыбықшалардағы төмен сұрыпты илем немесе құбыр дайындамасын өндіруге арналған, өнімділігі 1300 мың т/жылды құрайтын цех	цех	710 855	0,25	1,13
3	Дайындама қоймасының, қыздыру пештерінің, клеттердің жаншу, қара, аралық және таза топтарының, қайшының, тоңазытқыштың, клеттердің сым блогының, шыбықшаларды ағынды әрлеу, созба сымды екі сатылы салқындату желісінің, бумаларды пакеттеу және байлау құрылғыларының, дайын өнім қоймасының құрамындағы шыбықшалар мен бумалардағы төмен сұрыпты өнім өндіруге арналған, өнімділігі 500 мың т/жылды құрайтын цех	цех	449 505	0,25	1,13
4	Дайындама қоймасының, қыздыру пештерінің, көлденең, қиыстырылған және әмбебап клеттердің, ыстықтай және суықтай кесу қайшысының, суықтай кесу арасының, әрлеу және буу жабдығының, дайын өнім қоймасының құрамындағы орта сұрыпты және жеңілдетілген қос таврлы мәтке өндіруге арналған, өнімділігі 1600 мың т/жылды құрайтын цех	цех	1 204 009	0,18	1,09
5	100-ден астам болғанда әр 10 объект үшін (ТБ-ТД) телебасқару және теледабылдама (ТБ-ТД) орнату	ТБ-ТД жиынтығы	61	38
6	Электрлік және электрлік емес шамаларды телеөлшеу (ТӨ) құрылғысы	өлшем	46	12
	Беруші жақтағы телеөлшенетін	-	-	-
7	4 дейінгі қосылғыштар саны бар шамаларды қосу құрылғысы	құрылғы	53	18
8	4-тен 10 дейінгі қосылғыштар саны бар шамаларды қосу құрылғысы	құрылғы	76	24
	Терминдер саны бар қабылдау жағындағы дене мәндерін жинақтау құрылғысы:	-	-	-
9	Қабылдаушы жақтағы телеөлшенетін 10 дейінгі қосылғыштар саны бар шамаларды қосу құрылғысы	құрылғы	91	30
10	Қабылдаушы жақтағы телеөлшенетін 10-нан 20 дейінгі қосылғыштар саны бар шамаларды қосу құрылғысы	құрылғы	99	36
11	Автоматты реттеу және телереттеу мақсаттары үшін телеөлшеу	өлшем	122	61
12	Автоматты бағдарламаларды бағдарламалық басқару	пункт	129	71
13	Диспетчерлік қалқанның және пульстің элементтері	секция	84	38
14	Ақпаратты көрсету құрылғысы, аналогтық прибор	прибор	30	15
15	Ақпаратты көрсету құрылғысы, цифрлы прибор	прибор	61	23
16	Ақпаратты көрсету құрылғысы, алфавиттік-цифрлы	табло	381	152
<p>Ескертпелер:</p> <p>1 Осы кестенің бағаларында бір ПУ болған кезде КП жағындағы және ПУ жағындағы ТБ, ТР, ТД, ТӨ, ТИИ және ПСИ жобалау ескерілген.</p> <p>2 КП деп диспетчер басқаратын сорғы станциясы, компрессорлық станция, май жертөлесі, гидрожүйе және басқа да энергия объектілері түсініледі.</p> <p>3 Басқару пунктіннің жабдығы (1-поз.) басқару пунктін қоректендіруді, жабдық құрастыруды, кабельдер тартуды қамтиды.</p> <p>4 Объектілер деп (2 – 5-поз.) ажыратқыштар, ысырмалар, шақыру телеөлшегіштері және басқа да телебасқарылатын аппараттар есептеледі. Әрі телеөлшем шақыру (ТӨШ) ТУ ретінде саналады. Бұл «көп-аз» қағидаты бойынша баяу телереттеуге (ТР) де қатысты. Бұл жағдайда бір жаққа қарай («көп» немесе «аз») реттеу</p>				

операциясы ТУ ретінде саналады. Сатылы реттеу кезінде ТР әрбір нүктесіндегі ТУ объектілерінің саны реттеу сатыларының санына тең болады.

5 ТБ-ТД және ТӨ құрылғыларын жобалау жұмыстарына белгіленетін бағалар ТБ-ТД, ТӨ құрылғыларын ПУ және КП жабдығына қосудың барлық схемаларын қоса алғанда, құрылғының бір жиынтығы үшін көзделген.

6 ТС, ТӨ және ТИИ бір КП-дан екі ПУ-ға беруді жобалау кезінде 1,5 коэффициенті қолданылады, ал КП немесе ПУ бір жартылай жиынтығын ғана жобалау кезінде 0,5 коэффициенті қолданылады.

7 ТС немесе ТӨ екі ұшындағы бір объектінің беру және қабылдау элементтері бір объект ретінде саналады.

8 ТБ-ТД-ТӨ қиыстырылған құрылғыларын жобалау құны тиісті сыйымдылықтағы ТБ-ТД құрылғыларын жобалау құны мен жобада көзделген сандағы жеке ТӨ құнын қосу жолымен айқындалады.

9 Диспетчерлік қалқан элементі деп нақыштық қалқанның бір секциясы немесе биіктігі 600 мм нақыштық емес конструкциядағы қалқан панелінің ұқсас бөлігі түсініледі.

10 Диспетчерлік пункттің элементі деп пульттің бір секциясы немесе бір жұмыс орны түсініледі.

11 Нақыштық емес құрастырылымдағы мнемосхеманың қалқанын жобалау кезінде 0,8 коэффициенті қолданылуға тиіс.

12 Диспетчерлік пункт жабдығының құрамындағы жедел диспетчерлік байланыс аппаратурасын (диспетчерлік коммутаторлар, өнеркәсіптік телевизия қондырғылары, ұйымдастыру техникасы құралдары) жобалау кезінде 1-кестенің бағаларына 1,6 коэффициенті қолданылады.

13 Телемеханизация мақсаттары үшін БӨПЖА жобалау құны осы кестенің бағаларында ескерілген және 6 – 12-позициясында анықталған барлық сатыларда телемеханизация жобалау-сметалық құжаттамасы құнының 20% құрайды.

14 Кестеде мыналардың:

- телемеханика құрылғылары үшін байланыс арналарының;
- энергожүйенің жұмыс режимін автоматты реттеу жүйелерінің;
- диспетчерлік басқару үшін есептеу құрылғыларын пайдаланудың жобалау құны ескерілмеген.

15 Кестенің 13-позициясында келтірілген бағалар жұмыс істеп тұрған диспетчерлік пункттерді жете жабдықтау жағдайында ғана қолданылады.

## 2.9 Жылу-күштік шаруашылық

1 1702-0101-22-кестесінің бағаларында мыналарды:

– ыстық суға арналған аккумуляторлық қондырғыларды;

– қондырғылар

конденсатты тазарту жөніндегі;

ауамен салқындату аппараттарының;

әлі игерілмеген жаңа схемалар бойынша жыруды кәдеге жаратудың қондырғыларын жоспарлау ескерілмеген.

2 Санамаланған шаруашылықтар мен құрылыстарды жобалау құны Бөлімнің тиісті кіші бөлімдерінің бағалары бойынша, ал олар болмаған кезде – Жалпы ережелерге сәйкес айқындалады.

3 Цехаралық энергетикалық желілерді бірлескен тартуды бір орындаушы (бөлім немесе ұйым) орындаған және осы орындаушы келісілген жинақты құрылыс басылымын берген кезде, осы орындаушы жұмыстарының құны бірлестіруге тапсырма берген байланысты кәсіпорындардың қаражаты есебінен ұлғаяды.

4 Цехаралық жылу-күштік құбырларға мыналар жатады:

- құбырлар
- барлық қысымдар жұбы;
- конденсат;
- химиялық тазартылған су;
- қоректендіру суы;
- жылумен жабдықтау;
- ыстық сумен жабдықтау;
- мазут;
- қысылған ауа;
- сұйық май.

5 Домна үрлемесінің құбырларын жобалау құны осы кестенің бағалары бойынша айқындалады. Кестеде көрсетілген көрсеткіштен (диаметрден) асып кеткен жағдайда, жобалау құны экстраполяциялау жолымен айқындалады.

6 Бір құбырлы есептелімдегі цехаралық жылу-күштік құбырлардың ұзындығы құбырлардың ұзындығын трасса қимасындағы әрбір диаметрдегі құбырлар санына көбейту сомасымен айқындалады. Бұл ретте резервтік құбырлардың ұзындығы 0,3 коэффициентімен қабылданады.

7 Өте алмайтын арналарға цехаралық жылу-күштік құбырларды төсеу кезінде жобалауға арналған бағаларға 0,9 коэффициенті қолданылады.

8 Цехаралық жылу-күштік құбырларды аралас тәсілмен төсеу кезінде жобалау құны 1,1 коэффициенті қолданыла отырып, төсеудің басым түріне сәйкес келетін бағалар бойынша айқындалады.

9 Компрессорсыз залалсыздандырғыш газ турбиналарын (КЗГТ) және ылғалды газ тазартудан кейін түтін сорғыш қондырғыларды жобалауға белгіленетін бағалар сыртқы газ құбырларын жобалауда ескерілмеген.

10 Бірнеше залалсыздандырғыш қазандардан немесе энерготехнологиялық залалсыздандырғыш қазандардан тұратын қондырғыны бір мезгілде жобалау кезінде бірінші қазанды жобалау құны 1 коэффициентімен, екінші орындау (сол жақ немесе оң жақ) 0,7 коэффициентімен; келесілері – 0,45 коэффициентімен қабылданады. Бір тектес қазандарды бір мезгілде орнату кезінде екіншісін және келесілерді жобалау құны 0,45 коэффициентімен айқындалады.

11 Энергия шаруашылығын автоматтандырылған басқару жүйесін («Энерго» АСУ) жобалау құны Энергия орталығын жобалау құнында ескерілмеген.

## 1702-0101-22-кесте – Жылу-күштік шаруашылық

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	K1	K2
1	Ұшпа газдардың 250°C температурасында (қалыпты жағдай кезінде) 40 мың м³/сағ дейінгі түтін газдарын өткізуге газ құбырлы залалсыздандыру қазаны қондырғысы	қондырғы	9 223	0,2	1,1
2	Ұшпа газдардың 250°C температурасында (қалыпты жағдай кезінде) 125 мың м³/сағ дейінгі түтін газдарын өткізуге қыздыру пештерін мәжбүрлеп айналдыратын залалсыздандыру қазаны қондырғысы	қондырғы	16 497	0,2	1,1
3	Қалыпты жағдай кезінде ұшпа газдардың 250°C температурасында 100 мың м³/сағ дейінгі түтін газдарын өткізуге қыздыру пештерін мәжбүрлеп айналдыратын залалсыздандыру қазаны қондырғысы (түтін сору қондырғысынсыз)	қондырғы	16 055	0,2	1,1
4	140 мың м³/сағ дейінгі түтін газдарын өткізуге (қалыпты жағдай кезінде) түтін сорғышы бар қыздыру пешіне (түтін құбырынсыз) энерготехнологиялық залалсыздандыру қазаны қондырғысы	қондырғы	45 698	0,2	1,1
5	70 мың м³/сағ дейінгі түтін газдарын өткізуге (қалыпты жағдай кезінде) қыздыру пешіне энерготехнологиялық залалсыздандыру қазаны қондырғысы	қондырғы	41 167	0,2	1,1
6	Өнімділігі 21 МВт дейінгі (18 Гкал/сағ) су экономайзері қондырғысы	қондырғы	9 292	0,2	1,1
7	12 МВт дейінгі компрессорсыз залалсыздандырғыш газ турбинасы (КЗГТ) қондырғысы	қондырғы	19 521	0,2	1,1
8	Бір ғимаратқа жалпы қуаты 24 МВт екі компрессорсыз залалсыздандырғыш газ турбинасын (КЗГТ-12) орнату	қондырғы	36 513	0,2	1,1
9	Орталық бу қыздыру қондырғысы, өнімділігі 80 т/сағ бу	қондырғы	10 770	0,2	1,1
10	Деаэраторлық-коректендіру қондырғысы және конденсатты орталатқышы бар көп сатылы бу өзгерткіш-буландыру қондырғысы, өнімділігі 200 – 250 м³/сағат конденсат. Қайталама будың шығуы 40 т/сағ.	қондырғы	35 439	0,2	1,1
11	Конденсаттық қондырғысы және коректендіру суын жылыту қондырғысы бар бір сатылы бу өзгерту қондырғысы, өнімділігі 132 м³/сағат конденсат. Қайталама будың шығуы 102 т/сағ.	қондырғы	17 183	0,2	1,1
12	Термиялық су дайындау қондырғысы, деаэраторлық-коректендіру қондырғысы және бойлері бар турбогенераторлар, резервтік қазандар құрамындағы жылу залалсыздандыру электр станциясы (ЖЗЭС). Электр қуаты 24 МВт, бу өндіруі 140 т/сағ, жылу өндіргіштігі 233 МВт (200 Гкал/сағ). Тарапқа конденсат беруі 150 м³/сағат	станция	220 472	0,2	1,1
13	Әрқайсысы 12 МВт-тан 2 турбогенераторлар құрамында жылу	станция	117 376	0,2	1,1

## 1702-0101-22-кестенің жалғасы

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	К1	К2
	залалсыздандырғыш электр станциясы				
14	Бір 12 МВт турбогенератордың құрамындағы залалсыздандырғыш жылу электр станциясы	станция	117 376	0,2	1,1
15	Бу-су аккумуляторларының, көп сатылы буландыру қондырғысының, деаэраторлық-қоректендіру қондырғысының, орташаландырғыш конденсаттың құрамындағы энергоблок. Бу жинақтауы 40 т/сағ, конденсат алу 330 м³/сағат, қоректендіру суын алу 350 м³/сағат	энергоблок	77 169	0,2	1,1
16	Әрқайсысы 120 м³ 2 су-бу аккумуляторын орнату	қондырғы	5 758	0,2	1,1
17	Ауа салқындату аппараттарымен 2 су-бу аккумуляторын орнату	қондырғы	7 380	0,2	1,1
	Жылыту қуаты бар қазандарды орнату:	-	-	-	-
18	12 (10) МВт (Гкал/сағ) бойлер қондырғысы	қондырғы	8 127	0,2	1,1
19	35 (30) МВт (Гкал/сағ) бойлер қондырғысы	қондырғы	11 623	0,2	1,1
20	64 (60) МВт (Гкал/сағ) бойлер қондырғысы	қондырғы	18 592	0,2	1,1
	Сыйымдылығы бар сорғы-деаэраторлық қондырғы:	-	-	-	-
21	100 м³/сағат сорғы-деаэраторлық қондырғы	қондырғы	4 486	0,2	1,1
22	200 м³/сағат сорғы-деаэраторлық қондырғы	қондырғы	6 413	0,2	1,1
23	400 м³/сағат сорғы-деаэраторлық қондырғы	қондырғы	10 259	0,2	1,1
	Электрауа үрлеустанциясы (ЭАС) домендік үрлеу үшін қуаты, МВт:	-	-	-	-
24	96 МВт электрлі-ауа үрлеу станциясы (ЭАҮ) (әрқайсысының өнімділігі 6500 м³/мин 3 компрессор)	станция	89 028	0,2	1,1
25	60 МВт электрлі-ауа үрлеу станциясы (ЭАҮ) (әрқайсысының өнімділігі 6400 м³/мин 2 компрессор)	станция	61 274	0,2	1,1
	Мазут қоймасы сыйымдылығы:	-	-	-	-
26	60 мың м³ мазут қоймасы (әрқайсысы 20 мың м³ 3 бак)	мазут қоймасы	81 176	0,2	1,1
27	20 мың м³ мазут қоймасы (әрқайсысы 10 мың м³ 2 бак)	мазут қоймасы	54 907	0,2	1,1
	Ағындарды кері генерациялау қондырғысы бар химиялық су тазартқыш, өнімділігі:	-	-	-	-
28	230 м³/сағат	қондырғы	88 449	0,2	1,1
29	120 м³/сағат	қондырғы	59 423	0,2	1,1
30	Зауыттың орталық диспетчерлік пункт үй-жайы бар энергия орталығы	энергия орталығы	65 669	0,2	1,1
31	Өнімділігі 17 МВт (15 Гкал/сағ) жылу пункті	пункт	11 653	0,2	1,1

## 1702-0101-22-кестенің соңы

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	K1	K2
32	Конденсатты жинауға және айдауға арналған қондырғы	қондырғы	10 442	0,2	1,1
33	Редукциялық-салқындату қондырғысы	қондырғы	1 181	0,2	1,1
34	Кезеңдік үрлеу кеңейткіші қондырғысы	қондырғы	1 181	0,2	1,1
35	Конденсатты орташандырғыш қондырғы	қондырғы	1 181	0,2	1,1
36	Жылу алмастыру қондырғысы	қондырғы	1 181	0,2	1,1
37	Қоректендіру суын амминдеу, триллондау немесе фосфаттау қондырғысы	қондырғы	1 181	0,2	1,1
38	Орталықтан тебетін компрессорлық қысымы 0,9 МПа, өнімділігі 1000 м³/мин компрессорлық станция	станция	20 511	0,2	1,1
39	Қысымы 0,9 Мпа поршень компрессорлары бар, өнімділігі 400 м³/мин компрессорлық станция	станция	10 008	0,2	1,1
	Ауаны құрғату қондырғысы, өнімділігі:	-	-	-	-
40	1000 м³/мин	қондырғы	11 585	0,2	1,1
41	1500 м³/мин	қондырғы	16 558	0,2	1,1
42	3000 м³/мин	қондырғы	29 734	0,2	1,1
43	Дымқыл газ тазартқышы үшін түтін сору қондырғысы (айдауыш қондырғысы), өнімділігі 5000 м³/мин түтін газы	қондырғы	12 460	0,2	1,1
	Төмен тіректерге және ғимараттардың қоршауларына жерүстілік төсеу кезіндегі цехаралық жылу-күштік құбырлар	-	-	-	-
44	200 мм дейінгі шартты диаметрі кезінде эстакадаларға,	құбырдың осі бойынша ұзындық км	2 513	0,2	1,1
45	250-ден 400 мм дейінгі шартты диаметрі кезінде эстакадаларға	құбырдың осі бойынша ұзындық км	4 798	0,2	1,1
46	500-ден 600 мм дейінгі шартты диаметрі кезінде эстакадаларға	құбырдың осі бойынша ұзындық км	6 741	0,2	1,1
47	700-ден 1000 мм дейінгі шартты диаметрі кезінде эстакадаларға	құбырдың осі бойынша ұзындық км	7 845	0,2	1,1
48	1100-ден 1200 мм дейінгі шартты диаметрі кезінде эстакадаларға	құбырдың осі бойынша ұзындық км	8 416	0,2	1,1

## 1702-0101-23-кесте – Газ шаруашылығы

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
1	Әрқайсысының өнімділігі 42 мың м³/сағат 4 газ үрлегіштің құрамындағы газ арттыру станциясы	станция	25 271	-	0,2	1,1
2	Әрқайсысының өнімділігі 63 мың м³/сағат 3 газ үрлегіштің құрамындағы газ арттыру станциясы	станция	14 928	-	0,2	1,1
3	Өнімділігі 100 мың м³/сағат газ айыру станциясы, аралас газ бойынша	станция	3 290	-	0,2	1,1
4	Өнімділігі 142 мың м³/сағат газ айыру станциясы	станция	9 086	-	0,2	1,1
5	Газ реттегіш пункт, екі реттеу желісі	пункт	1 561	-	0,2	1,1
6	Газ реттегіш пункт, үш реттеу желісі	пункт	4 143	-	0,2	1,1
	Домнаның артық газын жағуға арналған газ түсіру құрылғысының қондырғысы, өнімділігі:	-	-	-	-	-
7	80 мың м³/сағат	қондырғы	3 412	-	0,2	1,1
8	180 мың м³/сағат	қондырғы	4 478	-	0,2	1,1
9	240 мың м³/сағат	қондырғы	6 824	-	0,2	1,1
10	Өнімділігі 100 мың м³/сағат газ өлшеу пункті	пункт	1 219	-	0,2	1,1
11	Өнімділігі 160 мың м³/сағат газ өлшеу пункті	пункт	2 133	-	0,2	1,1
12	Өнімділігі 200 мың м³/сағат газ өлшеу пункті	пункт	3 115	-	0,2	1,1
13	Газ-құтқару станциясы	станция	8 317	-	0,2	1,1
	Эстакадаға орнатылатын газ құбырлары	-	-	-	-	-
14	Эстакадаға орнатылатын газ құбырлары, диаметрі 200 мм дейін	құбырдың осі бойынша ұзындық км	1 112	-	0,2	1,1
15	Эстакадаға орнатылатын газ құбырлары, диаметрі 250-ден 400 мм дейін	құбырдың осі бойынша ұзындық км	2 186	-	0,2	1,1



1702-0101-23-кестенің соңы

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	K1	K2
16	Эстакадаға орнатылатын газ құбырлары, диаметрі 500-ден 700 мм дейін	құбырдың осі бойынша ұзындық км	3 321	-	0,2	1,1
17	Эстакадаға төселетін газ құбырлары, диаметрі, 800-ден 1200 мм дейін	құбырдың осі бойынша ұзындық км	4 174	-	0,2	1,1
18	40 баллондық бөлгіш рампа	рампа	213	-	0,2	1,1
19	60 баллондық көмір қышқыл газды рампа	рампа	541	-	0,2	1,1
20	2 x 32 баллондық толықтырғыш-бөлгіш рампа	рампа	190	-	0,2	1,1
21	Рессиверлер мен азот АРП қондырғысы	қондырғы	2 536	-	0,2	1,1
	Қорғаныштық газдар станциясы өнімділігімен:	м³/сағат	-	-	-	-
22	Қорғаныштық газдар станциясы, өнімділігі 100-ден 450 м³/сағатқа дейін	м³/сағат	1 173	23	0,2	1,1
23	Қорғаныштық газдар станциясы, өнімділігі 450-ден 1000 м³/сағатқа дейін	м³/сағат	3 860	17	0,2	1,1
24	Қорғаныштық газдар станциясы, өнімділігі 1000-нан 4000 м³/сағатқа дейін	м³/сағат	13 177	8,12	0,2	1,1
25	Қорғаныштық газдар станциясы, өнімділігі 4000-нан астам 5600 м³/сағатқа дейін	-	42 158	0,97	0,2	1,1

Ескертпелер:

- 13-позицияның бағаларында қорғаныштық газдар өндірісінің агрегаттарын байланыстыру (тұтастыру) құны ескерілген.
- Өртүрлі технология бойынша қорғаныштық газдардың екі және одан да көп түрі өндірілген жағдайда жобалау құны газдың әрбір түрі бойынша өндіру негізге алына отырып, жобалау құнын қосу жолымен айқындалады. Бұл ретте ең көп құнға кейінгілерді жобалау құны 0,7 коэффициентімен қосылады.
- Газ құбырларын жобалау бағаларында (14 – 17-поз.) эстакаданы жобалау ескерілмеген. Дербес тіректердегі (эстакадалардағы) газ құбырлары жобаланған жағдайда, құн 2,1 коэффициентімен қабылданады.
- Цехаралық энергетикалық желілерді бірлескен тартуды бір орындаушы (бөлім немесе ұйым) орындаған және осы орындаушы келісілген жинақты құрылыс басылымын берген кезде, осы орындаушы жұмыстарының құны бірлестіруге тапсырма берген байланысты кәсіпорындардың қаражаты есебінен ұлғаяды. Аударымдар шамасы бірлесіп төселген желілердің әрбір түрін жобалау құнының 10%-ына тең.

**1702-0101-24-кесте – Орталық ағындық және сормалы желдету станциялары**

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
	Орталықағындық станция, өнімділігі:	-	-	-	-	-
1	1800-ден 3000 мың м³/сағатқа дейін	мың м³/сағ	30 214	12	0,25	1,13
2	3000 –нан астам 6000 мың м³/сағатқа дейін	мың м³/сағ	41 890	8,04	0,25	1,13
3	Орталық сормалы желдету станциясы, өнімділігі 800-ден 1500 мың м³/сағатқа дейін	мың м³/сағ	9 094	20	0,25	1,13
Ескертпе - Бағамен цехаралықауа өткізгіштері мен желдеткіш құбырларын жобалаудың құны есепке алынған.						

## 2.10 Электр шаруашылығы

1 Металлургия кәсіпорнының ауданын электрмен жабдықтаудың жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу бағаларында мынадай желілер, құрылыстар, жұмыстар ескерілген:

- электр тұтыну режимдерінің, қысқа тұйықталу токтарының, релелік қорғау мен автоматиканың есептерімен, сондай-ақ электр энергия сапасының есептерімен ауданды электрмен жабдықтау схемасын әзірлеу – 12%;
- төмендету және бөлу кіші станциялары, өтем белгілеу – 40%;
- кәсіпорын алаңының шегінде қоректендіру көзі мен металлургия кәсіпорнының ауданы кіші станцияларының арасындағы электр берудің қоректендіру желілері – 5%;
- кабель құрылыстарымен және орларымен бірге әуе және кабель желілері – 25%;
- электрмен жабдықтау объектілерін найзағайдан қорғау және жерге қосу – 2%;
- аумақты жарықтандыру – 6%;
- электр энергиясын автоматтандырылған есепке алу жүйелері (ПК қолданбастан) – 3%.

ПК қолдана отырып, автоматтандырылған есепке алудың жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеген жағдайда 1702-0101-25-кестенің 1-4 позициясы бойынша бағалардан 3% алынып тасталады және осы жұмыстардың құны ТПБАЖ техникалық қамтамасыз етуді әзірлеу бағалары бойынша айқындалады.

2 Бағаларда:

- жаңа қоректендіру көздерін, оларды жете жабдықтауды және қайта жөндеуді;
- электр шаруашылығының АСУ жобалау ескерілмеген.

3 Кіші станцияларда элегаз электр жабдығы пайдаланылған жағдайда кіші станцияларды жобалау құны 25% ұлғаяды.

4 Электр жүктемесі 25 МВА-дан кем ауданды электрмен жабдықтаудың жұмыс құжаттамасын әзірлеу құны 1702-0101-25-кестесінің бағалары бойынша 25 МВА жүктемесі үшін мына коэффициенттер қолданыла отырып айқындалады:

- 20-дан астам 25 МВА-дан кем – 0,7;
- 15-тен астам 20 МВА дейін – 0,6;
- 10-нан астам 15 МВА дейін – 0,5;
- 5-тен астам 10 МВА дейін – 0,4;
- 5 МВА дейін – 0,3.

**1702-0101-25-кесте – Электр шаруашылығы**

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
	Электр жүктемесі бар электр қуатын беру	-	-	-	-	-
1	25-тен 50 МВА дейін электр жүктемесі бар ауданды электрмен жабдықтау	МВА	41 083	765	0,2	1,1
2	50-ден 100 МВА дейін электр жүктемесі бар ауданды электрмен жабдықтау	МВА	46 164	623	0,2	1,1
3	100-ден астам 150 МВА дейін электр жүктемесі бар ауданды электрмен жабдықтау	МВА	56 666	538	0,2	1,1
4	150-ден астам 300 МВА дейін электр жүктемесі бар ауданды электрмен жабдықтау	МВА	91 048	309	0,2	1,1
5	Жөнделетін жабдық бірліктерінің 2000 -нан 6000 дейінгі саны бар электр жөндеу цехы	жөнделетін жабдық бірлігі	26 353	12	0,2	1,1
6	15-тен 36 дейін зарядтау орындары саны бар зарядтау станциясы	зарядтау орны	5 278	138	0,2	1,1
7	Трансформатор-май шаруашылығы бар желілер мен кіші станциялар цехы	цех	51 853	-	0,2	1,1
8	Желілер мен кіші станциялар цехы	цех	27 335	-	0,2	1,1
9	Қуаты 63-тен 160 МВА дейінгі (бір трансформатордың) трансформаторлары бар трансформатор-май шаруашылығы	МВА	10 191	66	0,2	1,1

**1702-0101-26-кесте – Жерасты желілері мен құрылыстарын топырақ коррозиясынан кезбе токтардың коррозиясынан электр-химиялық қорғау**

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
	Анодтық электродтар орнату арқылы туындаған токпен электр-химиялық қорғау ауданы:	-	-	-	-	-
1	1-ден 100 дейінгі	электрод	292	13	0,2	1,1
2	100-ден астам 100 дейінгі	электрод	823	7,64	0,2	1,1
3	200-ден 350 дейінгі	электрод	1 310	5,12	0,2	1,1
4	350-ден 600 дейінгі	электрод	2 024	3,17	0,2	1,1
5	600-ден 1200 дейінгі	электрод	2 780	1,87	0,2	1,1

## 1702-0101-26-кестенің соңы

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
6	1200-ден 2400 дейінгі	электрод	3 682	1,14	0,2	1,1
7	Электрлендірілген көліктің рельстеріне электр дренаж орнату	қондырғы	203	-	0,2	1,1
8	Коммуникациялардың арасына электр дренаждық жалғастырғыштар орнату	қондырғы	24	-	0,2	1,1
<p>Ескертпелер:</p> <p>1 Салынған ток жүйелерінен, электр дренаждан және коммуникациялардың арасындағы жалғастырғыштардан тұратын жерасты коммуникацияларын электр-химиялық қорғаудың жұмыс құжаттамасын әзірлеу құны кестенің бағалары бойынша айқындалатын құндарды қосу жолымен анықталады.</p> <p>2 Бағалар ұзындығы 2 м электродтарды қолдану жағдайлары үшін келтірілген. Ұзындығы 2 асатын немесе одан кем электродтар қолданылған жағдайда жобалау құнын айқындауға арналған электродтардың саны электродтардың жалпы ұзындығын 2 бөлу арқылы айқындалады.</p> <p>3 Кестенің бағаларында коррозияға қарсы окшаулағышты, бақылау-өлшеу пункттерін және құбырлардағы электр окшаулағыш фланецтік қосылыстар мен кабельдердегі электр окшаулағыш муфталарды жобалау құны ескерілмеген.</p>						

**2.11 Сумен жабдықтау және кәріз**

1 1702-0101-27 – 1702-0101-30-кестелердің бағалары сумен жабдықтау мен кәріздің цехаралық желілерінің және құрылыстарының, сондай-ақ өнеркәсіптік ағындарды тазарту құрылыстарының жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеу үшін келтірілген.

2 Бағаларда су құбыры мен кәріз желілеріндегі құдықтар мен камераларды жобалау құны ескерілген.

3 Суық өткізгіштер жобасын әзірлеу құны сумен жабдықтау мен кәріздің цехаралық желілерінің және құрылыстарының жобасын әзірлеу құнында ескерілген.

4 Су өткізгіштердің жұмыс жобасын және жұмыс құжаттамасын әзірлеу құны сумен жабдықтау цехаралық желілерінің жұмыс жобасы мен жұмыс құжаттамасын әзірлеу құны сияқты тәртіппен айқындалады.

5 Сумен жабдықтаудың айналымдық циклдарын жобалау кезінде құн 1702-0101-30-кестенің 21-29-позицияларында келтірілген кешенді бағалар бойынша қабылданады.

**1702-0101-27-кесте – Су бассейнін өндірістік сарқынды сулармен ластанудан қорғау жөніндегі іс-шаралар**

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге
1	Су бассейнін өндірістік сарқынды сулармен ластанудан қорғау жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлеу	металлургиялық толық циклды зауыт (комбинат)	30 488
2	Су бассейнін өндірістік сарқынды сулармен ластанудан қорғау жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлеу	қайта өңдеу зауыты	22 849
3	Су бассейнін өндірістік сарқынды сулармен ластанудан қорғау жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлеу	өзге де кәсіпорындар	16 002

**1702-0101-28-кесте – Сумен жабдықтау мен кәріздің цехаралық құрылыстары**

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	К1	К2
	Қайта өңделген сумен жабдықтау сорғы станциясы қуаты:	-	-	-	-
1	Өнімділігі 24000 м³/сағат болатын айналымдық сумен жабдықтаудың сорғы станциясы	станция	44 343	0,23	1,12
2	Өнімділігі 35000 м³/сағат болатын айналымдық сумен жабдықтаудың сорғы станциясы	станция	47 862	0,23	1,12
3	Өнімділігі 30000 м³/сағат болатын II көтерімдік сорғы станциясы	станция	70 239	0,23	1,12
4	Әрқайсысына 150 м³/сағат жүктемемен 66 секциядан тұратын суды салқындатуға арналған ауа салқындатқыштары	салқындатқыш	24 868	0,2	1,1
5	Бағының сыймдылығы 3600 м³, бак негізіне дейінгі биіктігі 50 м су айдау мұнарасы	мұнара	12 072	0,2	1,1
6	Су-кәріз шаруашылығына қызмет көрсетуге арналған тетіктермен және оларды сақтауға арналған үй-жайларымен жарақтандырылған зертханалары, шеберханалары бар әкімшілік-тұрмыстық корпус құрамындағы цех	цех	15 355	0,2	1,1

## 1702-0101-29-кесте – Сумен жабдықтау мен кәріздің цехаралық желілері

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	K1	K2
1	Эстакадаға орнатылатын, диаметрі 200 мм дейінгі су құбырының цехаралық желілері	құбырдың осі бойынша ұзындық км	2 011	0,2	1,1
2	Эстакадаға орнатылатын, диаметрі 250-ден 400 мм дейінгі су құбырының цехаралық желілері	құбырдың осі бойынша ұзындық км	3 839	0,2	1,1
3	Эстакадаға орнатылатын, диаметрі 500-ден 600 мм дейінгі су құбырының цехаралық желілері	құбырдың осі бойынша ұзындық км	5 392	0,2	1,1
4	Эстакадаға орнатылатын, диаметрі 700-ден 1000 мм дейінгі су құбырының цехаралық желілері	құбырдың осі бойынша ұзындық км	6 276	0,2	1,1
5	Эстакадаға орнатылатын, диаметрі 1200-ден 1500 мм дейінгі су құбырының цехаралық желілері	құбырдың осі бойынша ұзындық км	6 733	0,2	1,1
6	Жерге орнатылатын, диаметрі 200 мм дейінгі су құбырының цехаралық желілері	құбырдың осі бойынша ұзындық км	1 280	0,2	1,1
7	Жерге орнатылатын, диаметрі 250-ден 400 мм дейінгі су құбырының цехаралық желілері	құбырдың осі бойынша ұзындық км	1 516	0,2	1,1
8	Жерге орнатылатын, диаметрі 500-ден 600 мм дейінгі су құбырының цехаралық желілері	құбырдың осі бойынша ұзындық км	2 254	0,2	1,1
9	Жерге орнатылатын, диаметрі 700-ден 1000 мм дейінгі су құбырының цехаралық желілері	құбырдың осі бойынша ұзындық км	3 016	0,2	1,1
10	Жерге орнатылатын, диаметрі 1200-ден 1500 мм дейінгі су құбырының цехаралық желілері	құбырдың осі бойынша ұзындық км	4 387	0,2	1,1
11	Тоннельге орнатылатын, диаметрі 200 мм дейінгі су құбырының цехаралық желілері	құбырдың осі бойынша ұзындық км	1 120	0,2	1,1
12	Тоннельге орнатылатын, диаметрі 250-ден 400 мм дейінгі су құбырының цехаралық желілері	құбырдың осі бойынша ұзындық км	3 930	0,2	1,1
13	Тоннельге орнатылатын, диаметрі 500-ден 600 мм дейінгі су құбырының цехаралық желілері	құбырдың осі бойынша ұзындық км	7 388	0,2	1,1
14	Тоннельге орнатылатын, диаметрі 700-ден 1000 мм дейінгі су құбырының цехаралық желілері	құбырдың осі бойынша ұзындық км	11 912	0,2	1,1
15	Тоннельге орнатылатын, диаметрі 1100-ден 1200 мм дейінгі су құбырының цехаралық желілері	құбырдың осі бойынша ұзындық км	17 708	0,2	1,1
16	Жерге орнатылатын, құбырларының диаметрі 200 мм дейінгі кәріздің цехаралық желілері	құбырдың осі бойынша ұзындық км	2 194	0,2	1,1

## 1702-0101-29-кестенің соңы

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	K1	K2
17	Жерге орнатылатын, құбырларының диаметрі 250-ден 400 мм дейінгі кәріздің цехаралық желілері	құбырдың осі бойынша ұзындық км	2 742	0,2	1,1
18	Жерге орнатылатын, құбырларының диаметрі 500-ден 600 мм дейінгі кәріздің цехаралық желілері	құбырдың осі бойынша ұзындық км	3 298	0,2	1,1
19	Жерге орнатылатын, құбырларының диаметрі 700-ден 1000 мм дейінгі кәріздің цехаралық желілері	құбырдың осі бойынша ұзындық км	4 227	0,2	1,1
20	Жерге орнатылатын, құбырларының диаметрі 1200-ден 1500 мм дейінгі кәріздің цехаралық желілері	құбырдың осі бойынша ұзындық км	5 240	0,2	1,1
21	Тоннельге орнатылатын, құбырларының диаметрі 50 мм дейінгі цехаралық қышкыл желілері	құбырдың осі бойынша ұзындық км	13 138	0,2	1,1
22	Тоннельге орнатылатын, құбырларының диаметрі 70-тен 100 мм дейінгі цехаралық қышкыл желілері	құбырдың осі бойынша ұзындық км	17 411	0,2	1,1
23	Тоннельге орнатылатын, құбырларының диаметрі 115-тен 300 мм дейінгі цехаралық қышкыл желілері	құбырдың осі бойынша ұзындық км	27 800	0,2	1,1
Ескертпе – Жерге және эстакадаға орнатылатын су құбыры мен кәріздің магистралдық құбырларын жобалау құны 0,8 коэффициентімен қабылданады.					

## 1702-0101-30-кесте – Өнеркәсіптік ағындарды тазарту құрылыстары

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	K1	K2
	Радиалды тұнбалардағы сарқынды суларды тазарту құрылыстары, өнімділігі	-	-	-	-	-
1	2200-ден 3700 м³/сағат дейін	м³/сағат	11 303	4,39	0,2	1,1
2	3700-ден 4400 м³/сағат дейін	м³/сағат	24 235	0,89	0,2	1,1
3	Көлденең тұнбалардағы сарқынды суларды тазарту құрылыстары, өнімділігі 1500-ден 2400 м³/сағат дейін	м³/сағат	10 206	7,07	0,11	1,06
4	Қоса салынған сорғы станциялары, реагенттік шаруашылығы және қосалқы үй-жайлары бар тазарту құрылыстары блогы, өнімділігі 1000-нан 3700 м³/сағатқа дейін	м³/сағат	45 181	4,87	0,31	1,16



## 1702-0101-30-кестенің жалғасы

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
5	2200-ден 4900 м³/сағатқа дейін	м³/сағат	22 804	7,15	0,28	1,14
6	4900-ден 7000 м³/сағатқа дейін	м³/сағат	30 268	5,69	0,28	1,14
7	Суды газсыздандыруға, қоқырдың ірі фракцияларын ұстауға және оларды құрғатуға арналған қондырғы, өнімділігі, 1500-ден 5000 м³/сағатқа дейін	м³/сағат	3 580	1,06	0,23	1,12
8	75-тен 400 м³/сағатқа дейін	м³/сағат	11 638	104	0,19	1,1
9	Бейтарапталған тұнбаны құрғату құрылыстары, өнімділігі 20-дан 50 мың т/жылға дейін	мың т/жыл	13 298	502	0,36	1,18
10	Аз эмульсияланған сарқынды суларды ыдырату және құрғату құрылыстары, өнімділігі 10-нан 15 м³/сағатқа дейін	м³/сағат	7 129	590	0,32	1,16
11	Пайдаланылып, майы айырылған ерітінділерді қайта генерациялау құрылыстары, өнімділігі 0,05-тен 0,35 м³/сағатқа дейін	м³/сағат	7 357	20 793	0,44	1,22
12	Гидроциклон-флокуляторлардағы сарқынды суларды тазарту құрылыстары, өнімділігі 2000 м³/сағат	қондырғы	42 088	-	0,13	1,07
	Сарқынды суларды термиялық тұзсыздандыру құрылыстары, өнімділігі	-	-	-	-	-
13	20 м³/сағатқа дейін	м³/сағат	168	1 432	0,27	1,14
14	20-дан 40 м³/сағатқа дейін	м³/сағат	10 511	922	0,27	1,14
15	40-тан 60 м³/сағатқа дейін	м³/сағат	15 080	807	0,27	1,14
16	60-тан 80 м³/сағатқа дейін	м³/сағат	34 731	480	0,27	1,14
	Сарқынды суларды термиялық майсыздандыру құрылыстары, өнімділігі:	-	-	-	-	-
17	4 м³/сағатқа дейін	м³/сағат	8 683	3 085	0,27	1,14
18	4 м³/сағаттан астам	м³/сағат	10 511	2 628	0,27	1,14
	Сарқынды суларды тазарту кезінде пайда болатын сұйық қалдықтарды жағу құрылыстары, өнімділігі	-	-	-	-	-
19	15 мың т/жыл	мың т/жыл	10 968	685	0,21	1,11
20	15 мың т/жылдан астам	мың т/жыл	17 365	259	0,21	1,11
	Сорғы станциясы, шашырату және панелдік градирня, ауа салқындатқыштары, радиалдық және көлденең тұндырғыштар, қоқырлық сорғы станциясымен қоюлатқыштар құрамындағы сумен жабдықтаудың, сүзгілер, бункерлері бар арынсыз гидроциклон, тоннелге су құбырын, эстакадаға желілер орнатудың лас-таза айналымдық циклы, өнімділігі	-	-	-	-	-

## 1702-0101-30-кестенің соңы

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
21	2-ден 3,5 мың м³/сағатқа дейін	мың м³/сағат	54 335	11 676	0,2	1,1
22	3,5-тен 4,5 мың м³/сағатқа дейін	мың м³/сағат	68 548	7 616	0,2	1,1
23	4,5-тен 9 мың м³/сағатқа дейін	мың м³/сағат	76 926	5 756	0,2	1,1
	Сорғы станциясы, градирня, радиалдық және көлденең тұндырғыштар, екіншілік және кір тұндырғыштары, реагент шаруашылығы, қоқырлық сорғы станциясы, эстакада мен қоқыр өткізгіштің қоқыр науалары, сүзгі станциялары, қабылдау резервуарлары, су құбыры тоннелдері, желілер, полиаприла мин дайындау қондырғылары құрамындағы сумен жабдықтаудың лас айналма циклы, өнімділігі	-	-	-	-	-
24	1-ден 3,5 мың м³/сағатқа дейін	мың м³/сағат	73 879	21 326	0,2	1,1
25	3,5-тен 4,5 мың м³/сағатқа дейін	мың м³/сағат	95 205	15 233	0,2	1,1
26	4,5-тен 20 мың м³/сағатқа дейін	мың м³/сағат	121 733	9 338	0,2	1,1
	Сорғы станциясы, мұнаралы градирня, су құбыры тоннелі, су жіберу мұнарасы, желілерді ауамен салқындатқыштары құрамындағы сумен жабдықтаудың таза айналма циклы, өнімділігі	-	-	-	-	-
27	1-ден 2 мың м³/сағатқа дейін	мың м³/сағат	35 035	16 756	0,2	1,1
28	2-ден 6 мың м³/сағатқа дейін	мың м³/сағат	41 129	13 710	0,2	1,1
29	6-дан 16 мың м³/сағатқа дейін	мың м³/сағат	74 945	8 073	0,2	1,1
Ескертпе – айналымдық сумен жабдықтау циклдарының жобалау-сметалық құжаттамасы бөлімдерінің құнын ұсынылатын бөлу (21 – 29-поз.) 1702-0101-28-кестенің 1-2-позициясы бойынша қабылданады.						

**1702-0101-31-кесте – Әкімшілік-тұрмыстық ғимараттар мен құрылыстар**

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	K1	K2
	Әкімшілік-тұрмыстық ғимараттар, жұмыс істейтіндер саны:	-	-	-	-	-
1	50-ден 100 дейін	жұмыс істейтіндер	2 125	42	0,2	1,1
2	100-ден астам 200 дейін	жұмыс істейтіндер	2 917	34	0,2	1,1
3	200-ден астам 400 дейін	жұмыс істейтіндер	5 111	29	0,2	1,1
4	400-ден астам 600 дейін	жұмыс істейтіндер	7 677	19	0,2	1,1
5	600-ден астам 1000 дейін	жұмыс істейтіндер	10 366	15	0,2	1,1
6	1000-нан астам 1500 дейін	жұмыс істейтіндер	12 567	13	0,2	1,1
7	1500-ден астам 2000 дейін	жұмыс істейтіндер	26 277	3,41	0,2	1,1
8	Ұзындығы 40-тан 350 м дейінгі жерүсті жаяу жүргіншілер галереялары	м	2 559	20	0,2	1,1
9	Ұзындығы 50-ден 80 м дейінгі жерасты өтпелері	м	781	44	0,2	1,1

**2.12 Бас жоспар және көлік**

1 1702-0101-32-кестенің бағаларында бас жоспар мен көлікті жоспарлауға жоспарлаудың барлық сатыларында мыналар:

- бас жоспар мен көлікті әзірлеу;
- рельефті және коммуникациялардың жиынтық жоспарын ұйымдастыру;
- негізгі металлургиялық цехтардың алаңын оларға жататын қосымша қосалқы қоймалары мен басқа да ғимараттарымен және құрылыстарымен бірге абаттандыру және көгалдандыру ескерілген.

2 Металлургиялық зауыттың кешенді жоспарын әзірлеу кезінде бас жоспар мен көлікті жобалау құны 1702-0101-01-кестенің бағалары бойынша айқындалады.

3 Цех, өндіріс кешенінің бас жоспарын жобалау құны басқа цехтармен немесе құрылыстармен энергетикалық және көлік байланыстары ескеріле отырып, кешеннің объектілері алатын аймақ негізге алынып айқындалады.

4 Желілік құрылыстар мен коммуникациялардың бас жоспарын жобалау құны алаңы осы құрылыстар немесе коммуникациялар

алатын ені 50 м аспайтын етіліп жобаланған алаң негізге алына отырып айқындалады.

5 Қосымша-қосалқы және басқа да цехтарсыз негізгі өндірістің (домна, конвертерлік, электрмен болат балқытатын илем және кокс-химия цехтары) коммуникациялармен барынша жарақталған цехтарының бас жоспары мен көлігін жобалау кезінде жобалау құны 1,1 коэффициентімен 1702-0101-32-кестенің бағалары бойынша айқындалады.

6 Қосымша-қосалқы мақсаттағы объектілерді, сондай-ақ халық тұтынатын тауарлар өндіретін цехтарды ғана жобалау кезінде бас жоспарды жобалау құны 0,9 коэффициентімен айқындалады.

7 Қала құрылысының шегінде орналасқан цехтарды, өндірістерді жобалау кезінде бас жоспар мен көлікті жобалау бағасы 1,2 коэффициентімен 1702-0101-32-кестенің бағалары бойынша айқындалады.

### 1702-0101-32-кесте – Бас жоспар және көлік

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	K1	K2
	Бас жоспар және көлік саласы:	-	-	-	-	-
1	Алаңы 100-ден 500 мың м² дейінгі бас жоспар және көлік	мың м²	5 971	69	0,20	1,1
2	Алаңы 500-ден астам 1000 мың м² дейінгі бас жоспар және көлік	мың м²	17 137	47	0,20	1,1
3	Алаңы 1000-нан астам 1500 мың м² дейінгі бас жоспар және көлік	мың м²	24 373	40	0,20	1,1
4	Алаңы 1500-ден астам 2000 мың м² дейінгі бас жоспар және көлік	мың м²	44 937	26	0,20	1,1
	Өткізу пункті мен өтпе жолдарымен қоса:	-	-	-	-	-
5	БӨП және өтпесі бар ұзындығы 1-ден 5 км дейінгі аумақты қоршау	км	868	1 066	0,20	1,1
6	БӨП және өтпесі бар ұзындығы 5-тен астам 15 км дейінгі аумақты қоршау	км	2 822	676	0,20	1,1
7	Машиналарының саны 1-ден 4 дейінгі өрт сөндіру депосы	машина	7 974	2 384	0,20	1,1
	Өндірістік қалдықтар үшін полигон:	-	-	-	-	-
8	Алаңы 1-ден 100 мың м² дейінгі өндірістік қалдықтар полигоны	мың м²	1 432	160	0,20	1,1
9	Алаңы 100-ден астам 200 мың м² дейінгі өндірістік қалдықтар полигоны	мың м²	7 830	96	0,20	1,1
10	Алаңы 200-ден астам 300 мың м² дейінгі өндірістік қалдықтар полигоны	мың м²	15 507	58	0,20	1,1
11	Пайдалы алаңы 200-ден 1400 м² дейінгі зауыттың бас өтпесі	м²	6 352	13	0,20	1,1
<p>Ескертпелер:</p> <p>1 Кестенің бағаларында оңтайлы жобалық шешімдер таңдау үшін қажетті нұсқалық пысықтаулар ескеріледі. Жобалауға арналған тапсырмаға немесе сараптама органдарының талабы бойынша тапсырыс берушіге берілетін бас жоспардың қосымша нұсқаларын әзірлеу 0,1 коэффициентімен негізгі нұсқаның құнынан айқындалады.</p> <p>2 Абаттандыру мен көгалдандыруды жобалау құны бас жоспар мен көлік технологиялық құнының 8% құрайды.</p> <p>3 «Жоба» немесе «Жұмыс жобасы» сатысында боялып ватменда жасалған бас жоспардың тел нұсқаларын жасау кестенің 1-поз. бағалары бойынша: 1:5000 масштаб кезінде – 0,008; 1:2000 масштаб кезінде – 0,01; 1:1000 масштаб кезінде – 0,02 коэффициенттерімен айқындалады.</p>						

4 Бас жоспар мен көлікті әзірлеу бағаларында Жалпы ережелерде санамаланған жұмыстардан басқа, темір жол көлігінің ғимараттары мен құрылыстарын: локомотив-вагон, локомотив, вагон депосын, АБК, локомотивтерді жаратқандыру және техникалық тексеру пункттерін, вагондарды тексеру және күрделі ағымдағы жөндеу пункттерін, стационарлық және басқа да көлік ғимараттарын, вагондардың салмағы, жол өтпелерін, көпірлерді, тоннелдерді, автоматиканы, телемеханиканы, бағыттағыштарды электрмен орталықтандыруды қоса алғанда, көлік байланысын және т.б.; автомобиль көлігінің ғимараттары мен құрылыстарын, автогараж құрамындағы автокөлік цехын, әкімшілік-тұрмыстық корпусы, автокөлік тұрақтарын, май құю станцияларын, автомобиль көлігіндегі дабылдаманы, автомобиль таразыларын; алаңнан тыс және жалпызауыттық құрылыстарды, сондай-ақ жалпы зауыттық ғимараттар мен құрылыстарды жобалауға жұмсалатын шығындар ескерілмеген, олардың бағалары кестеде келтірілген.

5 Кестенің бағаларында жобалау-сметалық құжаттаманың кешенінен тыс орындалатын, құрылыс барысында атқарушылық жобалау бас жоспарының планшеттерін жүргізу де ескерілмеген.

6 Алаңы 50 мың м<sup>2</sup> дейінгі бас жоспар мен көлікті жобалау құны 10 мың м<sup>2</sup> үшін 671,99 бағасы бойынша айқындалады.

### 1702-0101-33-кесте – Сусымалы жүктерді ерітуге арналған гараждар

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	K1	K2
	Темір жол вагондарындағы сусымалы жүктерді ерітуге арналған гараж,	-	-	-	-	-
1	10-нан 48 дейінгі вагондар саны конвекциялық	вагон	23 489	1 145	0,2	1,1
2	48-ден астам 96 дейінгі вагондар саны конвекциялық	вагон	57 237	442	0,2	1,1

## 2-тарау Кокс-химия өндірісі

1 Осы тарауда қосалқы-өндірістік және қызмет көрсету мақсатындағы, энергетика шаруашылығының, көлік және байланыс, сумен жабдықтау және кәріз шаруашылығының объектілерін қамтитын кокс-химия өндірісі объектілерінің жобалау-сметалық құжаттамасын әзірлеуге белгіленетін бағалар, сондай-ақ кокс-химия өндірісінің құрамына кіретін жекелеген цехтарды жобалауға белгіленетін бағалар келтірілген.

2 1702-0102-02-кестеде кокс-химия өндірісінің құрамдас бөлігі болып табылмайтын, бірақ жекелеген жағдайларда оның құрамында жобаланатын жекелеген цехтарды, қондырғыларды жобалауға белгіленетін бағалар келтірілген.

3 1702-0102-03-кестеде кокс-химия өндірісінің құрамына кіретін, бірақ жекелеген жағдайларда кешеннен тыс жобаланатын жөндеу шаруашылығының жекелеген жобалауға белгіленетін бағалар келтірілген.

4 Жекелеген цехтарды жобалауға белгіленген бағаларда цехаралық технологиялық және инженерлік коммуникацияларды, көлікті, энергетика шаруашылығын, субен жабдықтауды және кәрізді жобалау құны ескерілмеген. Осы жұмыстардың құны тиісті кокс-химия өндірісі жобасын әзірлеу құнының 7% дейінгі мөлшерде «Жоба» сатысында, 1-тарауда келтірілген бағалар бойынша – «Жұмыс құжаттамасы» сатысында айқындалады.

Бұл ретте эстакадаларға орналастырылатын цехаралық кәріз желілерін жобалау құны 1702-0101-29-кестенің 16 – 20 поз. бағалары бойынша, ал эстакадаларға орналастырылатын цехаралық қышқыл өткізгіштер мен материал өткізгіштерді жобалау құны 0,5 коэффициентімен 1702-0101-29-кестенің 21 – 23-поз. бағалары бойынша айқындалады.

КХП цехаралық материал өткізгіштеріне мыналар жатады:

- бензин өткізгіштер;
- шайыр өткізгіштер;
- кокс газын күкірт сутегісінен тазарту цехы сіңіру ерітіндісінің құбырлары;
- солярлы май құбырлары;
- аммиак өткізгіштер;
- «бензиндегі», «дебензиндегі» май құбырлары.

5 Кокс-химия өндірісінің бағаларында барлық сатыларда мыналарды:

– залалсыздандырылған бумен жұмыс істейтін турбогенераторлар орнатылған жылыту-өнеркәсіптік қазандықтарды, ЖЭО, залалсыздандыру қазандықтарын, машина залдарын, сондай-ақ басқа да буды кәдеге жарату электр станцияларын;

– зиянды газ шығарылымдарын термиялық катализаторлық жағы қондырғыларын, тозаңның пневмотасымалдау, кокс батареясынан коксты шаңсыз беру және КҚӨҚ шыңсыз тиеу жүйелерін;

- тоңазыту қондырғылары мен суық өткізгіштерді;
- зауытшілік темір жол станцияларын жобалау ескерілмеген.

6 Макеттік-модельдік әдіспен орындалатын жобалау жұмыстарының құны 1,15 коэффициентімен қабылданады.

7 Санитарлық-тұрмыстық корпустарды жобалау құны 1-тарауда келтірілген әкімшілік-тұрмыстық ғимараттардың бағалары

бойынша айқындалады.

8 Дара дайындалатын және ұзақ мерзімде дайындалатын жаңа технологиялық жабдықты дайындауға техникалық тапсырмалар әзірлеу құны бағаларда ескерілмеген.

**1702-0102-01-кесте – Кокс-химия өндірісі**

позиция.№	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
1	2 іске қосу кешенінің құрамындағы кокс-химия өндірісі, өнімділігі 910-нан 1460 мың т/жыл дейінгі кокс	мың т/жыл	684 030	775	0,09	1,05
2	2 іске қосу кешенінің құрамындағы кокс-химия өндірісі, өнімділігі 910-нан 1460 мың т/жыл дейінгі кокс, оның ішінде: көмір дайындау цехы	мың т/жыл	76 324	129	0,11	1,05
3	2 іске қосу кешенінің құрамындағы кокс-химия өндірісі, өнімділігі 910-нан 1460 мың т/жыл дейінгі кокс, оның ішінде: 2 кокс батареясы құрамындағы кокс блогы	мың т/жыл	119 151	88	0,10	1,05
4	2 іске қосу кешенінің құрамындағы кокс-химия өндірісі, өнімділігі 910-нан 1460 мың т/жыл дейінгі кокс, оның ішінде: кокс сәндіру	мың т/жыл	65 928	64	0,09	1,05
5	2 іске қосу кешенінің құрамындағы кокс-химия өндірісі, өнімділігі 910-нан 1460 мың т/жыл дейінгі кокс, оның ішінде: кокс себу	мың т/жыл	41 479	72	0,11	1,05
6	2 іске қосу кешенінің құрамындағы кокс-химия өндірісі, өнімділігі 910-нан 1460 мың т/жыл дейінгі кокс, оның ішінде: химиялық өнімдерді ұстау цехы	мың т/жыл	154 979	131	0,09	1,05
7	2 іске қосу кешенінің құрамындағы кокс-химия өндірісі, өнімділігі 1460-тан 2000 мың т/жыл дейінгі кокс	мың т/жыл	1 476 212	280	0,09	1,05
8	2 іске қосу кешенінің құрамындағы кокс-химия өндірісі, өнімділігі 1460-тан 2000 мың т/жыл дейінгі кокс, оның ішінде: көмір дайындау цехы	мың т/жыл	210 914	37	0,11	1,05
9	2 іске қосу кешенінің құрамындағы кокс-химия өндірісі, өнімділігі 1460-тан 2000 мың т/жыл дейінгі кокс, оның ішінде: 2 кокс батареясы құрамындағы кокс блогы	мың т/жыл	200 479	33	0,10	1,05
10	2 іске қосу кешенінің құрамындағы кокс-химия өндірісі, өнімділігі 1460-тан 2000 мың т/жыл дейінгі кокс, оның ішінде: кокс сәндіру	мың т/жыл	81 343	53	0,09	1,05
11	2 іске қосу кешенінің құрамындағы кокс-химия өндірісі, өнімділігі 1460-тан 2000 мың т/жыл дейінгі кокс, оның ішінде: кокс себу	мың т/жыл	112 875	23	0,10	1,05
12	2 іске қосу кешенінің құрамындағы кокс-химия өндірісі, өнімділігі 1460-тан 2000 мың т/жыл дейінгі кокс, оның ішінде: химиялық өнімдерді ұстау цехы	мың т/жыл	300 955	31	0,10	1,05

Ескертпелер:

1 Кокс-химия өндірісінің құрамында кокстелетін шихтаны термиялық дайындау қондырғысын жобалау кезінде химиялық өнімдерді ұстау цехы бойынша жобалау

жұмыстарының құнына 1,3 коэффициенті қолданылады.

2 Кокс-химия өндірісінің кешенінде шихтаны ішінара брикеттеу қондырғысын жобалау кезінде жобалау жұмыстарының құнына мынадай:

– көмір дайындау цехы бойынша – 1,3;

– химиялық өнімдерді ұстау цехы бойынша шикізат базасына және байланыстырушы түрге қарай 1,2 дейінгі коэффициенттер қолданылады.

3 Кокс-химия өндірісінің кешеніндегі шихтаны нығыздау қондырғысын жобалау кезінде жобалау жұмыстарының құнына кокс батареясы бойынша 1,2 коэффициенті қолданылады.

4 2-ден астам кокс батареяларының құрамында кокс-химия өндірісінің атмосферасын қорғау жобасын әзірлеу кезінде осы бөліктің құнына алғашқы (жобаланатын) 2 батарея үшін 0,8 коэффициентімен әрбір алдыңғы 2 немесе келесі кокс батареяларының атмосферасын қорғау жобасын әзірлеу құны қосылады.

5 Бір кокс батареясының құрамындағы кокс-химия өндірісін жобалаудың құны 2 батареяның өнімділігі негізге алына отырып, кестеде келтірілген бағалар бойынша айқындалады. Бұл ретте жобаны әзірлеу құны: бірінші жобаланатын батарея үшін 0,7 дейін, екіншісі үшін – 0,5 төмендету коэффициенті қолданыла отырып, кешенді баға бойынша айқындалады; жұмыс құжаттамасын (жұмыс жобасын) әзірлеу құны 0,8 дейінгі коэффициент қолданыла отырып, КХП құрамына кіретін жекелеген цехтарды жобалауға белгіленетін бағалар бойынша айқындалады.

6 Өнімділігі жылына 2000 мың т астам коксты құрайтын кокс-химия өндірісінің жобасын әзірлеу кезінде оның құны мынадай коэффициенттер қолданыла отырып, 2000 мың т/жыл өнімділігі бойынша айқындалады:

– 4000 мың т/жыл – 1,5;

– 6000 мың т/жыл – 1,9;

– 8000 мың т/жыл – 2,2.

Егер өнімділік осы аралықтарда болса, арттыру коэффициенттерінің мөлшері интерполяция әдісімен айқындалады.

7 КХП жобалауға белгіленетін бағаларды коксты құрғақ сөндіру көзделген. Коксты сумен сөндіруді жобалау кезінде жобалау жұмыстарының құны 0,25 коэффициенті қолданыла отырып, құрғақ сөндіруге белгіленетін баға бойынша айқындалады. Бұл жағдайда себу объектілері бойынша жобалау жұмыс тарының құнына 1,2 коэффициенті қолданылады.



**1702-0102-02-кесте – Кокс-химия өндірісінің цехтары мен қондырғылары**

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	Баға параметрлері б, мың теңге	К1	К2
1	Өнімділігі 60 мың т/жыл пекокс цехы	цех	202 596	-	0,1	1,05
2	Өнімділігі 400-ден 700 т/сағатқа дейінгі көмірді таңдап ұстақтау бөлімшесі	т/сағ	46 612	30	0,11	1,06
3	Бір сатылы қыздыру кезіндегі өнімділігі 250 т/сағат шихтаны термиялық өңдеу қондырғысы	қондырғы	95 274	-	0,11	1,06
4	Екі сатылы қыздыру кезіндегі өнімділігі 250 т/сағат шихтаны термиялық өңдеу қондырғысы	қондырғы	117 049	-	0,11	1,06
5	Өнімділігі 100-ден 250 т/сағат брикетке дейінгі кокстелетін шихтаны ішінара брикеттеу	т/сағ	130 241	366	0,11	1,06
6	Өнімділігі жылына 2000 т коксты құрайтын КХП үшін тазарту тереңдігі 2 – 3 г/нм³ кокс газын күкірт сутегісінен тазарту цехы	цех	111 276	-	0,09	1,05
7	Өнімділігі жылына 2000 т коксты құрайтын КХП үшін тазарту тереңдігі 0,5 – 1 г/нм³ кокс газын күкірт сутегісінен тазарту цехы	цех	161 567	-	0,09	1,05
8	Орташа температуралы гидротазартумен шикі бензолды қайта өңдеу цехы, өнімділігі 100 мың т/жыл	цех	542 464	-	0,11	1,06
9	Өнімділігі 200-ден 400 мың т/жыл құрайтын шайырды қайта өңдеу цехы	цех	163 357	199	0,09	1,05
10	Фенолдық сарқынды суларды механикалық және биохимиялық тазарту, өнімділігі 100-ден 300 м³/сағатқа дейін	м³/сағат	103 202	468	0,1	1,05
11	Фенолдық сарқынды суларды озондау, өнімділігі 100-ден 300 м³/сағатқа дейін	м³/сағат	25 287	101	0,1	1,05

Ескертпелер:

1 Шихтаны ішінара брикеттеуді кокс-химия өндірісінің кешенінен тыс жобалау кезінде осы кестенің бағалары бойынша айқындалған жұмыстар құнына 0,4 коэффициентімен көмір дайындау цехы жобалау жұмыстарының құны қосылады.

2 Шихтаны термиялық өңдеу және коксты құрғақ сөндіру бірлескен технологиялық процесінің құрылыстарын жобалау құны 1702-0102-01-кестесі бойынша айқындалған КҚӨҚ жобалау құны қосылып, 0,7 коэффициентімен 3, 4-позициясының бағалары бойынша айқындалады.

**1702-0102-03-кесте – Жұмыс істеп тұрған кокс батареялары мен кокс машиналарына техникалық қызмет көрсету және ағымдық жөндеу объектілері**

позиция №	Жобалау объектісінің атауы	Объектінің негізгі көрсеткіші	Баға параметрлері а, мың теңге	K1	K2
1	3 вагонға арналған маневрлік құрылғысы бар кокс батареяларының көмір тиейтін вагондарын қайта орналастыруға және жөндеуге арналған құрылғы	құрылғы	8 599	0,09	1,05
2	Есіктер мен есік алғыш машиналарды жөндеуге арналған 4 станокты пункт	пункт	18 081	0,09	1,05
3	Сағатына 600 л торкет масса дайындауға арналып механикаландырылған ерітінді торабы	торап	2 392	0,09	1,05
4	1 вагон мен 1 электровоз үшін кокс вагондары мен электровоздарды жөндеуге арналған гараж	гараж	8 622	0,09	1,05
Ескертпе - Бағалар кокстық батарея және кокстық машина кешенінен тыс жобаланатын көрсетілген нысандарды жобалау құнын анықтауға қолданылады.					

### 3-тарау Ферроқорыту және құбыр құю өндірісі

1 Осы тарауда мыналарды:

- ферроқорытпа зауыттарының жобаларын;
- ферроқорыту және құбыр құю цехтарының, қосымша-қосалқы мақсаттағы объектілердің, электрмен жабдықтау құрылыстарының, жылу-күштік шаруашылықтың, сумен жабдықтау мен кәріздің жобаларын, жұмыс жобаларын және жұмыс құжаттамасын әзірлеуге белгіленетін бағалар келтірілген, олардың бағалары 1-тарауда келтірілген.

2 Зауыттарды жобалауға белгіленген кешенді бағаларда тұрғын үй-мәдени және тұрмыстық құрылысты, ЖЭО, аудандық қазандықтарды, дизель электр станцияларын, сутегі, оттегі, тоңазыту станцияларын, аудандық құрылыс базаларын, металл-термиялық цехтарды, руда еріту гараждарын, байыту, агломерациялық фабрикаларды, жаңа технологиядағы тәжірибедік цехтарды жобалау құны ескерілмеген.

3 Ферроқорыту цехтарын жобалауға белгіленген бағаларда ферроқорыту электр пештері мен агрегаттарын, вагон аударғыштарды бумен салқындатқышты жобалау құны ескерілмеген.

4 Барлық санаттағы зауыттар кешенді жобасының «Байланыс, дабылдама және телевизия» бағаларында мыналарды:

- жерасты құбырлары мен кабельдерін коррозиядан 5% мөлшерінде электрлік қорғауды;
- сынамаларды пневмотасымалдаудың 10% мөлшеріндегі автоматикасын жобалау ескерілген.

«Жылыту, желдету, ауаны баптау және ыстық сумен жабдықтау» бағаларында 10% мөлшерінде автоматтандыруды жобалау ескерілген.

5 Ферроқорыту зауыттарының «Технологиялық бөлім» бағасында жобалау мынадай пайызда ескерілген:

- жөндеу шаруашылығы, цех шеберханалары – 10;
- зауыттың орталық зертханалары және экспресс-зертханалар – 2;
- электродтық масса цехы – 4.

6 Электрмен жабдықтаудың, энергиямен жабдықтаудың цехаралық желілері мен құрылыстарын, сондай-ақ қосалқы-қосымша мақсаттағы объектілерді жобалаудың 3-тарауда ескерілмеген құны, «Жұмыс жобасы» және «Жұмыс құжаттамасы» сатысында 1-тарауда келтірілген бағалар бойынша айқындалады.

